Зерттеулердің алғашқы екі кезеңінде аналық тұқымның жүн өнімділігі мен сапасын арттыру үшін «стронг» типіндегі австралиялық мериностар мен полварстар пайдаланылды. Тұқым шығару жұмыстарының соңғы үшінші кезеңінде қазақтың биязы жүнді қойларын таза тұқымды өсірумен қатар, Германиядан әкелінген «дойче меринофлейшшаф» етті бағыттағы биязы жүнді қой тұқымының қошқарларымен будандастыру қолданылды [4,5].

Іріктеудің басты мақсаты - қойылған талаптарға сай келетін, негізгі пайдалы, әсіресе етті қасиеттері айқын және тұқым қуалаушылық қасиеттері жақсы қойларды бөліп алу.

Негізінен қойлар жыл бойы отарлы-жайылымдық жүйеде өсіріліп, қар қалың жауған қысқы мезгілде қосымша азықтандырылды. Қойларды азықтандыру деңгейі ұсынылған нормаларға сай болды, бұл жағдай отардың селекциялық деңгейіне байланысты қалыпты өсуін, дамуы мен өнімділігін арттыруды қамтамасыз етті [6].

Біртекгі және әртекті немесе жақсартушы жұптау негізгі селекциялық белгілер бойынша жүзеге асырылды: малдардың типі, еттілік пішіндерінің дамуы, тірідей салмағы, жүн түсімі, оның ұзындығы мен жіңішкелігі, талшықтардың иректілігі, дененің негізгі бөліктеріндегі жүннің ұзындық пен тығыздық бойынша біркелкілігі, шайырдың сапасы мен мөлшері [7].

Мал қасиеттерінің жоғарғы сапалы және төменгі көрсеткіштері бойынша гомогенді (біртекгі) жұптау тиісті малдарға тән селекциялық белгілерді бекіту мақсатында жүргізілді. Жұптаудың бұл әдісі алынатын төлдің жоғары өнімділік қасиеттерін күшейтуге, тұқымқуалаушылық қасиеттері мықты қойларды шығаруға мүмкіндік береді [8].

Жекелеген біртекгі жұптауда ұнамды типтегі малдарды тез алу үшін қойылатын талаптарға толық сай келетін, сырт пішінінде және басқа да кемшіліктері жоқ қойлардың ұсақ топтарында туыстас, оның ішінде жақын қанды жұптаудың әртүрлі деңгейлері қолданылды. Шағылыстыруға іріктелген саулықтар ірі, дене бітімі мықты болған. Тірідей салмағы 65-70 килограммнан төмен емес, таза жүн түсімі 2,5-3,0 кг.

Оңтүстік Қазақстан облысында мал шаруашылығын дамытудың 2014-2016 жылдарға арналған іс-шарасы аясында жалпы 1919 жобаға 4770,8 млн.тг. (оның ішінде - мал бордақылау алаңдарына 1770 жобаға 4256 млн.тг.; 5-10 бастық жанұялық сүт фермаларына 143 жобаға 354 млн.тг.; - селолық тұтыну кооперациясына 5 жобаға 122,2 млн.тг.) несие қаржы берілді.

Сонымен қатар өз қаржысы есебінен қоса алғанда 2931 бірлік мал бордақылау алаңдары (2014жылы - 2034), 602 шағын жанұялық сүт аулалары (112), 27 құс фермасы, 47 сүт қабылдау бекеттері (11), 8 СТК ашылды (9). Іс-шараны іске асыру нәтижесінде, 2016 жылға дейін 3 жылдың ішінде 20,5 мыңнан астам жаңа жұмыс орындары ашылып, қосымша 91 мың тонна ет,

72 мың тонна сүт, 27 млн. дана жұмыртқа өндірілді. Облыста 43 ет, 38 сүт, 35 бірлік жеміс-көкөніс өнімдерін қайта өңдеу кәсіпорындары жұмыс жасайды.

Қайта өңдеу кәсіпорындарының қуаттылығын арттыру бойынша 2015 жылы 11,1 мың тонналық ет, 8,8 мың тонналық сүт, 18,5 мың тонналық жеміс-көкөніс өнімдерін қайта өңдеу кәсіпорындарын ашу межеленді. Оның ішінде 2015 жылдың он айында 7000 тонна ет, 7535 тонна сүт, 16325 тонна көкөніс өңдейтін кәсіпорындардың қуаттылығы артты.

Республика бойынша Оңтүстік Қазақстан облысы қой саны жағынан бірінші орынды иемденеді, қой басының жалпы көлемінен 21,7% құрайды. Облыста кейінгі жылдары қой шаруашылығының дамуына елде индустриалды-инновациялық бағдарламаның қабылдануы өзінің оң әсерін тигізді (1 кесте).

Кесте 1. Оңтүстік Қазақстан облысында 2010-2014 жылдардағы қой шаруашылығы дамуының негізгі көрсеткіштері.

Көрсеткіштер	2010 ЖЫЛ	2011 ЖЫЛ	2012 ЖЫЛ	2013 ЖЫЛ	2014 ЖЫЛ
Қой мен ешкі саны, бас	3 756 691	3 848 193	3 794 566	3 657 745	3 738 185
Қой және ешкі еті, (тірідей салмағымен), тонна	59 001	62 380	64 663	64 549	66 800
Ешкі сүті, тонна	1 056	1 144	653	757	728
Қой және ешкі жүні (нақты салмақпен), тонна	7 179	7 323	7 243	7 169	6 894
Қой және ешкіден алынған тері, мың дана Майда тері	1 529,7	1 610,3	1 667,3	1 651,3	1 683,4
Қаракөл елтірісі, мың дана	13,2	7,3	2,6	1,6	1,1
Союға арналып өткізілген қой мен ешкінің саны, мың бас	1 529,3	1 614,1	1 669,8	1 650,9	1 683,3
Етке өткізілген бір бас қой мен ешкінің орташа салмағы, кг	39	39	39	39	39
Мал өнімділігі Бір қойдан қыркылған орташа жылдық жүн, кг	2,7	2,7	2,6	2,5	2,5
Алынған төл, бас қозы мен лақ	1 785 230	1 811 703	1 900 954	1 827 913	1 820 107
Төлдің 100 аналыққа шаққандағы шығуы, бас қозы мен лақ	95	95	95	94	95
Қойлар мен ешкілер шығыны, бас	11 067	8 851	28 474	9 007	7 225

Ескерту - «Оңтүстік Қазақстан облысының ауыл, орман және балық шаруашылығы». Статистикалық жинақ. Шымкент, 2015 – 137 б. (11-14 беттер).

1-кестедегі қой шаруашылығының дамуының негізгі көрсеткіштерінен мынадай өзгерістер байқалады: қойлар мен ешкілер саны 2010 жылы 3756,7 мың бас болса, ал 2014 жылы бұл көрсеткіш 3738,2 мың басқа дейін, немесе 0,5 пайызға төмендеген. Сонымен қатар қой және ешкі етінің тірідей салмағы 59,0 мың тоннадан 66,8 мың тоннаға дейін көтерілген. Бұл көрсеткіш жалпы қой мен ешкінің ет өнімділігінің жоғарылағандығын көрсетеді. Ешкі сүті 2014 жылды 2010 жылмен салыстырғанда 328 тоннаға дейін кемігенін көреміз. Қой және ешкі жүнін нақты салмақпен салыстырғанда 285 тоннаға қысқаруы анықталды. Қой және ешкіден алынған майда тері 2010 жылды 2014 жылмен салыстырғанда 153,7 мың данаға дейін жоғарылаған. Қаракөл елтірісі 2010 жылы 13,2 мың дананы құраған, ал 2014 жылы 1,1 мың данаға дейін қысқарған. Союға арналып өткізілген қой мен ешкінің саны 154 мың басқа артқан. Сондай-ақ, етке өткізілген бір бас қой мен ешкінің орташа салмағы 2010-2014 жылдар аралығында 39 кг бойынша тұрақты көрсеткіш сақталған. Мал өнімділігі, яғни бір қойдан қырқылған орташа жылдық жүнді салыстырғанда 0,2 кг ғана төмендеген. Алынған төл, яғни қозы мен лақ 2010 жылы 1785,2 мың бас болса, 2014 жылы 1 820,1 мың басқа өскен, яғни 34,9 мың басқа артқан. Төлдің 100 аналыққа шаққандағы шығуы, қозы мен лақ 2010-2014 жылдар аралығында 95 бас, яғни көрсеткіш өзгермеген және де қой мен ешкілер шығыны 3842 басқа анағұрлым кеміген.

Ауыл шаруашылығы өндірісіне инновациялық жаңалықтарды ендіруде қаржылық қолдау көрсету қой шаруашылығының өндірістің экономикалық тетіктерін реттеуде ғылыми негіздеуді қажет етеді. Тек инновациялық инвестициялау ғана қой шаруашылығын аумақта сапалы жаңа деңгейді қамтамасыз етеді. Ол үшін инвестицияның құйылуына қолайлы жағдай жасау талап етіледі, бұл саладағы инвестициялық климатты жақсарту есебінен жүзеге асады.

Оңтүстік Қазақстанның табиғи-климаттық жағдайы қойларды жыл бойы жайылымда ұстап, оларды қысқа жинаған жемшөп қорымен үстеп азықтандыруға негізделген. Сондықтан қойлардың интенсивті өсіп-даму үдерісіне, жоғарғы өнімділігіне әсерін тигізетін қоршаған ортаның табиғи-биологиялық факторларымен бірге жайылымды пайдалану және үстеп толыққұнды азықтандыру маңызды рөл атқарады.

Мемлекетіміздегі қой шаруашылығы саласында, селекциялық жұмыстарда етті бағыттағы қойлардың өсірілуіне, оның ішінде экологиялық таза қозы етінің өндірілуіне үлкен мүмкіндік бере алады.

Қой шаруашылығының тиімділігі саланың өндірістік және экономикалық жоспарлануына байланысты. Шаруашылықтың жоғарғы өнімділігін кепілді түрде қамтамасыз ету үшін ең қолайлы қой тұқымын, онымен асылдандыру жұмысының тәсілін, азықтандыру және бағып-күту, өз төлінен көбейгудің кешенді жүйесін тауып жоспарлап, соны күнделікті басқарып іске бұлжытпай асыру керек. Қойды басқа мал шаруашылығы салаларынан немесе ауыл шаруашылығы дақылдарынан, дәндерден

өндірілетін өнімдерден жеке бөліп қарауға болмайды. Жер-анадан өндірілетін өнімнің тақ осы жерде қайсысы жоғары дәрежеде пайдалы, оған қай сала көмектеседі, қай саланы қосалқы ретінде өсіруге болады деп түбегейлі ойлап есептеу керек. Сол көп есептің ең тандаулысын, ең пайдалысын қолға алу дұрыс болады.

Мемлекет басшысы айтқандай, 2016 жылы ет экспорты 60 мың тоннаға жетеді деп күтілуде. Біздің экономикалық жағдайымызды арттыратын бұл істі жүзеге асыруға еліміздің әлеуеті, табиғи-климаттық жағдайы толығымен жетеді. Бізге халықаралық талапқа сай ет өндіру керек. Оған қазіргі жүргізіліп жатқан жұмыстар үйлеспейді. Ісімізге жаңа технологияны, инновацияны енгізуіміз қажет. Ауыл шаруашылығы саласында озық технологияларды өндіріске кеңінен ендіру саланың еңбек өнімділігін арттырудың бірден-бір жолы.

Әлемдік экономиканың қарқындап дамуы – адами және интеллектуалдық ресурстардың нәтижелі еңбегінің жемісі екені белгілі. Қазіргі заман талабына сай дамыған елдерде тиімді әзірлемелер жүйесі және түрлі қызмет сфераларына жаңа технологиялық шешімдерді енгізуге негізделген инновациялық экономикаға өту үрдісі байқалады. Сонымен бірге, табиғи ресурстардың молдығын пайдалану маңызды болған дәуір өтіп барады, оның орнына экономиканың технологиялық тұрғыдан дамуын тездету, үдету мақсатында тиімді тетіктерді қолдану мүмкіншілігі үлкен мәнге ие болып отыр. Арзан, сапасы төмен еңбекке негізделген өндіріс кезеңі аяқталуда. Дәл қазіргі қоғам – адамның интеллектуалдық ресурстарына, оның инновацияларды қабылдауы мен жүзеге асыру қабілетіне негізделген қоғам болып қалыптасуда [9].

Қазақстанның экономиканы индустриалды-инновациялық даму бағдарламасында агроөнеркәсіп саласында еңбек өнімділігін екі есеге, ал саланың экспорттық әлеуетін 8% жеткізу көзделген. Осы орайда оңтүстік өңірге қой шаруашылығын осы талаптарға сай дамыту жеңіл және тамақ өнеркәсіптерінің шикізат базасын нығайтып, бастапқы қайта және терең өңдеуді дамығып, қосылған құны жоғары өнімді рынокқа ұсыну әлеуеті жоғары.

Қорыта айтқанда, келешекте қой шаруашылығы саласын тұрақты дамытуды жетілдіру бойынша инновациялық іс-шараларды жүзеге асыра отырып, өзіндік құны төмен, жоғары сапалы өнім өндіру арқылы ғана әлемде бәсекелестікте өз орнымызды ала отырып, нарық талаптарына сай, ауыл шаруашылығында өндірілген өнімдер мен шикізаттарды қайта өңдеу, дайын өнімдерді нарық талабына сай сату арқылы қой шаруашылығы саласының экономикасын тұрақты қалыптастыру, бұл ауыл шаруашылық өндіріс тиімділігінің артуына жаңа мүмкіндіктер ашады, жалпы ауыл шаруашылығы саласы үшін экономикалық өсуді қамтамасыз етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ». Қазақстан Республикасының Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жылғы 17 қаңтар.
2. Әлібаев Н.Н., Қансейитов Т., Паржанов Ж.А., Қансейитова Э. Оңтүстік өңірде етті-майлы қой шаруашылығында инновациялық технологияларды өндіріске ендіруге ұсыныс. – Шымкент, 2012. – 23 б.
3. Зарпуллаев Ш.Н., Абилдабеков Т.А., Хожамжаров О. Қазақы құйрықты қылшық жүнді қойлардың қозыларын бордақылаудың қарқынды технологиялары бойынша ұсыныстар. – Шымкент, 2012. – 16 б.
4. Төреханов А. Қой шаруашылығын дамытудың мүмкіндіктері. //Ақиқат. Ұлттық қоғамдық-саяси журнал. № 9, 2013.
5. Әбжанов Р. Қой өсіру – табыс көзі. https://i-news.kz/news/2013/07/12/7093371-koi_osiru_tabys_kozi.html.
6. Todorov, N., Simeonov, M. & Nedelkov, K. Innovations for rapidly improvement of dairy sheep farm economics, *Agricultural Science*, 2013, 46(1), pp. 3-18.
7. Stanciu M., Raducuta I., Vlad I., Vidu L., Tanase M., Blaj R. Study regarding the sheep breeding in romania, according to the bioeconomic and ecoeconomic principles. 13th SGEM GeoConference on Ecology, Economics, Education And Legislation, www.sgem.org, SGEM2013 Conference Proceedings, ISBN 978-619-7105-05-6 / ISSN 1314-2704, June 16-22, 2013, Vol. 2, 285 - 292 pp.
8. Lescheva M, Ivolga A. Current state and perspectives of sheep breeding development in Russian modern economic conditions. *Economics of Agriculture* 2/2015, 467-480 pp.
9. Қазақстан Республикасының 2010-2014 ж.ж. жеңіл өнеркәсібін дамыту бағдарламасы. Алматы. – 2010 ж.

REFERENCES

1. Nazarbaev N.A. «Kazakstan zholy – 2050: Bir maksat, bir mudde, bir bolashak». Kazakstan Respublicasynyn Presidentinin Kazakstan halkyna zholdauy. 2014 zhylgy 17 kantar.
2. Alibaev N.N., Kanseitov T., Parzhanov J.A., Kanseitova E. Ontustik onirde etti-mailly koi sharuashylygynda innovasialyk tehnologialardy ondiriske endiruge usynys. – Shymkent, 2012. – 23 b.
3. Zarpullaev SH.N., Abildabekov T.A., Hozhamjarov O. Kazaky kuirykty kylshyk zhundi koilardyn kozylaryn bordakylaудын karkyndy tehnologialary boiynsha usynystar. – Shymkent, 2012. – 16 b.
4. Torehanov A. Koi sharuashylygyn damytudyn mumkindikteri. Akikat. Ultytk kogamdyk-sayasi zhurnal. №9, 2013.
5. Abzhanov R. Koi osiru – tabys kozi. https://i-news.kz/news/2013/07/12/7093371-koi_osiru_tabys_kozi.html.

6. *Todorov, N., Simeonov, M. & Nedelkov, K.* Innovations for rapidly improvement of dairy sheep farm economics, *Agricultural Science*, 2013, 46(1), pp. 3-18.

7. *Stanciu M., Raducuta I., Vlad I., Vidu L., Tanase M., Blaj R.* Study regarding the sheep breeding in romania, acoording to the bioeconomic and ecoeconomic principles. 13th SGEM GeoConference on Ecology, Economics, Education And Legislation, www.sgem.org, SGEM2013 Conference Proceedings, ISBN 978-619-7105-05-6 / ISSN 1314-2704, June 16-22, 2013, Vol. 2, 285 - 292 pp.

8. Lescheva M, Ivolga A. Current state and perspectives of sheep breeding development in Russian modern economic conditions. *Economics of Agriculture* 2/2015, 467-480 pp.

9. Kazakstan Respublicasynyn 2010-2014 j.j. zhenil onerkasibin damytu bagdarlamasy // Almaty – 2010 j.

Мырзалиев Бораш Смайлулы – экономика ғылымдарының докторы, профессор, Ахмет Ясауи университеті, Түркістан қ., e-mail: borash2006@mail.ru

Маханбетова Салтанат Қаһарманқызы – магистрант, Ахмет Ясауи университеті, Түркістан қ., e-mail: salta-1992@mail.ru

УДК 331.214

К.М. КАЛЫКУЛОВ, И.С. ЖУАСБАЕВА

**ОСОБЕННОСТИ УСТАНОВЛЕНИЯ ТАРИФНЫХ СТАВОК РАБОЧИХ
В СТРОИТЕЛЬНЫХ ОРГАНИЗАЦИЯХ**

В настоящей работе рассматривается эффективность применения тарифной ставки в системе учета заработной платы в строительных организациях. Так же охарактеризованы ряд фирменных тарифных коэффициентов и ставок по специальностям рабочих-строителей. Данная работа поможет в виде ключевых сносок при расчете оплаты труда в строительных организациях малого и среднего уровня. Разные уровни строителей-монтажников даются для отбора и сортировки оплаты труда в строительной системе.

Ключевые слова: тарифная система, тарифные ставки, квалификация, дифференцирование оплаты труда, коллективный договор, разрядная система, базовая ставка.

Қ.М.Қалықұлов, И.С.Жуасбаева

**Құрылыс ұйымдарындағы жұмысшылардың тарифтік шамасын
анықтаудың ерекшеліктері**

Бұл жұмыста құрылыс ұйымдарындағы еңбек ақыны есептеу жүйесіндегі тарифтік шаманы қолданудың тиімділігі қарастырылады. Сонымен қатар, құрылысшылардың мамандықтары бойынша тарифтік шамалары мен коэффициенттер қатары сипатталады. Бұл жұмыс кілт нұсқа ретінде шағын және орта дәрежедегі құрылыс ұйымдарында еңбекақы есептеуге көмектеседі. Әртүрлі дәрежедегі құрылысшы-монтаждаушылар құрылыс жүйесінде еңбекақыны іріктеу және сұрыптау үшін қажет.

Тірек сөздері: тарифтік жүйе, тарифтік шама, біліктілік, еңбек ақыны топтастыру, ұжымдық келісім-шарт, разрядтық жүйе, базалық шама.

K.M.Kalykulov, I.S.Zhuasbayeva

Features Establishing Tariff Rates of Workers in Construction Organizations

In this paper we consider the effectiveness of the tariff rate in the accounting system of wages in construction companies. It is also characterized by a number of factors and the brand of tariff rates by industry construction workers. This work will help in the form of key footnotes in the calculation of wages in the construction of small and medium level. Different levels of builders, installers are given for the selection and sorting of remuneration in the construction system.

Keywords: tariff system, tariff rates, qualification, differentiation of wages, collective bargaining, bit system, the base rate.

Anahtar kelimeleri: tarife sistemi, tarife oranları, nitelikleri, ücret, farklılaşması, toplu iş sözleşmesi, boşaltım sistemi, baz oranı.

Учет труда и заработной платы - один из актуальных и трудоемких участков работы, которые требуют точных и оперативных данных. В составе производственных затрат оплата труда составляет до 40 % всех затрат и оказывает большое влияние на формирование финансовых результатов работы компании.

Качество, справедливость, полнота и своевременность расчетов с рабочими по оплате труда зависит от организации учета оплаты труда на предприятии. Реализовывая совершенствование организации учета оплаты труда, предприятию необходимо подходить к этому вопросу обоснованно, учитывать целесообразность, использовать результаты научных исследований и передового опыта.

В настоящее время в сфере труда и его оплаты существует комплекс проблем, решение которых связано с давно назревшими преобразованиями этой важной области экономики.

Учитывая это, целесообразно приступить к решению проблемы совершенствования организации заработной платы посредством формирования механизмов взаимного влияния результатов труда и вознаграждения персонала, для чего необходимо использовать новые подходы к измерению количества труда.

Организация оплаты труда на строительной организации определяется тремя между собой взаимосвязанными и взаимозависимыми элементами:

- тарифной системой;
- нормированием труда;
- формами оплаты труда.

Тарифная система позволяет нормированно оценить труд, нормирование - количество затраченного труда, а формы - определить порядок расчета заработной платы.

Тарифной системой устанавливаются тарифные ставки по квалификационным разрядам и тарифные коэффициенты, представляющие собой отношение тарифных ставок соответствующих разрядов к тарифной ставке первого разряда.

Тарифные ставки рабочих - это определенный в денежной форме абсолютный размер оплаты труда различных групп и категорий рабочих в единицу времени за выполнение нормы труда (трудовых обязанностей). Тарифные ставки можно использовать в измерителях: месяц, смена, час. Соотношение между этими показателями следует принимать по календарным данным за текущий год или по усредненным данным за ряд последних лет в размере: 1 месяц = 21.6 смен = 167 час (для 40-часовой рабочей недели).

Размер заработной платы рабочих определяет именно тарифная ставка.

Соотношение заработной платы рабочих разных специальностей (по минимальной или средней ставке) устанавливаются только на самом предприятии. Порядок формирования тарифных ставок оплаты труда по специальностям и квалификации в обязательном порядке закрепляется в коллективном договоре [1].

Тарифные ставки оплаты труда устанавливаются для всех категорий тарифной системы, принятой в организации: по специальностям - в профессиональной тарифной сетке и по квалификации - в разрядной тарифной сетке.

Формирование тарифных ставок заработной платы по специальностям, профессиям и должностям (вертикальное тарифное нормирование) является основным элементом дифференцирования оплаты труда работников в строительстве.

В таблице 1 даются вариант системы тарифных коэффициентов и соответствующих ставок заработной платы по отдельным специальностям рабочих-строителей.

Таблица 1. Таблица фирменных тарифных коэффициентов и ставок по специальностям рабочих-строителей.

Наименование рабочих специальностей	Тарифные коэффициенты	Заработная плата, тг./мес.
Рабочие-строители - всего в среднем	1,00	59600
в том числе:		
Арматурщик	1,13	67348
Асфальтобетонщик	1,55	92380
Бетонщик	1,08	64368
Гидроизолировщик	1,56	92976
Гипрочник	1,49	88804
Грузчик	0,73	43508
Маляр	0,97	57812
Монтажник внутренних санитарно-технических систем	1,24	73904
Монтажник наружных трубопроводов	1,18	70328
Монтажник по монтажу стальных и железобетонных конструкций	1,22	72712
Отделочник универсал	1,28	76288
Штукатур	1,32	78672
Электро и газосварщик	1,10	65560
Электромонтажник	1,10	65560
Электрослесарь строительный	0,83	49468

Средняя заработная плата рабочих-строителей по специальностям принимается (условно) для средней заработной платы 1-го рабочего-строителя в организации (зафиксированной в коллективном договоре) в размере 59,6 тыс. тенге в месяц. Средняя заработная плата рабочего-строителя включает выплаты из всех системных источников оплаты труда (без налогов) в организации на начало планового периода.

При наличии тарифной сетки по профессиям и установленной на любой момент времени средней (расчетной) ставки оплаты труда по организации, тарифные ставки по профессиям определяются автоматически перемножением средней ставки на тарифные коэффициенты.

Определение ставок оплаты труда по разрядам (горизонталь тарифных ставок) в фирменной тарифной системе состоит в умножении величины тарифной ставки (минимальной или средней) по профессии на соответствующие тарифные коэффициенты по квалификационным разрядам.

В таблице 2 рассчитаны текущие тарифные ставки заработной платы из расчета текущей средней заработной платы одного рабочего – 59,6 тыс. тенге в месяц.

Таблица 2. Тарифные ставки оплаты труда по разрядной сетке сметно-нормативной базы.

Показатели разрядной системы оплаты труда	Квалификационные разряды					
	I	II	III	IV	V	VI
Тарифные коэффициенты (к 1-му разряду)	1,000	1,085	1,186	1,339	1,542	1,796
Тарифные коэффициенты (к среднему, 4-му разряду)	0,75	0,78	0,85	1,00	1,1	1,28
Тарифные ставки (тг./ч.-час.)	267,6	278,3	303,3	356,9	392,6	456,8
Тарифные ставки (тг./ч.-мес.)	44812	46482	50537	59600	65562	76295

Тарифные ставки устанавливаются по каждому тарифно-квалификационному разряду в среднем для всех рабочих-строителей или индивидуально для каждой строительной специальности.

Размер тарифной ставки первого разряда не может быть ниже минимального размера оплаты труда, предусмотренного Законом о труде РК.

На предприятиях любых форм собственности величина тарифных ставок оплаты труда дифференцированных по профессиям и разрядам зависит, прежде всего, от финансового состояния предприятия и устанавливается индивидуально в соответствии с принятыми тарифами в коллективном договоре или в контрактах с работниками [2].

Разработка тарифных условий оплаты труда на конкретном предприятии состоит из нескольких взаимосвязанных этапов:

1. Определение уровня средней заработной платы в подрядной организации за планируемый период;
2. Формирование тарифных коэффициентов по специальностям (вертикаль ставок оплаты труда);

3. Разработка ставки тарифных коэффициентов по категориям квалификации - разрядам (горизонталь ставок);

4. Расчет базовых тарифных ставок оплаты труда;

5. Поверка и контроль разработанной фирменной системы тарифной оплаты труда [3].

1. Средний уровень оплаты труда рабочих строителей в подрядных организациях устанавливается на уровне достигнутом в предыдущем периоде и с учетом текущих и будущих возможностей организации в затратах на оплату труда.

Средний уровень тарифных ставок в абсолютном размере принимается с учетом сложившейся в организации соотношений тарифной и над тарифной частей фирменной системы оплаты труда. При определении средней тарифной ставки по организации целесообразно ориентироваться на оптимальный для современного уровня удельный вес тарифа в заработной плате - примерно 60-80% с последующим его повышением до общеевропейского стандарта (не менее 90%). Тарифная часть средней заработной платы становится базовой ставкой дифференцирования оплаты труда рабочих в организации [4].

В настоящем примере проектирования фирменной системы оплаты труда базовая тарифная ставка устанавливается в организации исходя из планируемой средней заработной платы рабочих на плановый период и уровня тарифной части в общей сумме оплаты труда. В примере расчета фирменной системы средняя заработная плата принята в размере 59,6 тыс. тг. в месяц, а отношение тарифной и премиальной частей заработной платы установлено как 80 и 20%. Базовая ставка фирменной тарифной системы оплаты труда составляет 74,5 тыс. тг. в месяц ($59,6 \cdot 0,8 = 74,5$).

2. Тарифные соотношения ставок оплаты труда по специальностям устанавливаются на предприятии по группам профессий. Перечень специальностей и их группировка индивидуальны по организациям и устанавливаются в системе управления персоналом исходя из основных задач производства.

3. Тарифные коэффициенты по уровню квалификации (разрядам) разрабатываются в фирменной тарифной ставке оплаты труда в соответствии с решаемыми задачами и требованиями к персоналу.

Таблица 3. Ставка фирменных тарифных коэффициентов по квалификационным разрядам рабочих-строителей.

Показатели	Разряды							
		I	II	III	IV-ср	V	VI	
6-и разрядная ставка								
8-и разрядная ставка	1	2	3	4	5-ср	6	7	8
Тарифные коэффициенты 6-и разрядной системы (к минимальной ставке – 1 разряд)		1,00	1,38	1,9	2,63	3,63	5,00	
Тарифные коэффициенты 8-и разрядной системы (к средней ставке – 5 разряд)	0,27	0,38	0,52	0,72	1,00	1,38	1,9	2,6

В практической деятельности возможно расширение действующей 6-и разрядной сетки путем добавления новых категорий минимального и максимального уровня оплаты труда с формированием 8-и разрядной сетки (таблица 3).

Рекомендуется также в фирменных тарифных ставках по разрядам увеличивать диапазон тарифных коэффициентов с 1,8 в традиционной ставке до 3,0-4,0 в реальных условиях дифференцирования оплаты труда в подрядных организациях.

По расчетным данным разрабатывается фирменная ставка тарифных коэффициентов по квалификационным разрядам рабочих-строителей.

Тарифная ставка отражает степенную зависимость роста тарифов по разрядам. В фирменных тарифных системах рекомендуется применять тарифные ставки типа.

Разряды 2-7 фирменной тарифной ставки соответствуют разрядам I-IV традиционной ставки и действующим характеристикам работ и рабочих профессий в ЕТКС, что позволяет их применять без изменений.

Разряд 1 фирменной 8-и разрядной ставки (для неквалифицированных рабочих) позволяет включить в систему тарифного регулирования заработной платы учеников, стажеров и, самое важное, «гастарбайтаров» - наемных рабочих из других регионов и иностранных строительных рабочих, не имеющих строительных лицензий. Уровень ставки неквалифицированного рабочего устанавливается самостоятельно предприятием и находится в пределах 0,5-0,7 от заработной платы квалифицированного рабочего I-го разряда по ЕТКС.

Высший разряд в предлагаемой тарифной ставке присваивается индивидуально высококвалифицированным мастерам по специальности. Уровень таких тарифных ставок устанавливается вне формулы расчета коэффициентов для остальных разрядов.

4. Расчет тарифных ставок оплаты труда на текущий период для рабочего любой специальности (с) и любой квалификации (тг) определяется в проектируемой фирменной тарифной системе по формуле:

$$T_{c-тг} = T_{баз} \cdot K_c \cdot K_p \cdot K_d,$$

где: $T_{стг}$ – тарифная ставка рабочего специальности (с) разряда (тг), тенге./ч.-мес;

$T_{баз}$ – базовая ставка оплаты труда – средняя по организации заработная плата рабочих на плановый период, тенге./ч.-мес;

K_c – коэффициент тарифной ставки по специальностям, принимается по данным таблицы 2;

K_p – коэффициент разрядной тарифной ставки, принимается по данным таблицы 4 (для 8-и разрядной ставки);

K_d – коэффициент, учитывающий дополнительную заработную плату по системным условиям оплаты труда (стимулирующие и компенсирующие выплаты).

Коэффициент (K_o) позволяет откорректировать и включить в тарифные ставки фирменной системы дополнительные выплаты по специфичным условиям труда отдельных специалистов, для которых установлены надбавки администрацией предприятия.

5. Проверка разработанной фирменной тарифной системы регулирования заработной платы на предприятии включает следующие работы:

- проверка минимальной ставки фирменной тарифной системы на допустимый минимум оплаты труда на данной территории;
- проверка соответствия нормативного фонда оплаты труда (по тарифной и премиальной системам) и суммарной заработной платой в сметах на программу подрядных работ планового периода.

В соответствии с действующим законодательством минимальная заработная плата работника на предприятии не может быть ниже величины прожиточного минимума трудоспособного населения на данной территории. Нижний уровень тарифной заработной платы в фирменной ставке равен 21364 тенге в месяц. С учетом премиально-компенсационных выплат общая заработная плата низкооплачиваемого неквалифицированного работника составит 16100 тенге ($21364/0,8 = 26705$).

Принятый фирменный порядок дифференцирования заработной платы должен корреспондироваться с плановым фондом оплаты труда рабочих-строителей на предприятии, который определяется умножением базовой тарифной ставки на количество рабочих и фонд рабочего времени в плановом периоде. Нормативный фонд оплаты труда предприятия сравнивается со сметными показателями оплаты труда по объектам, входящим в программу подрядных работ планируемого периода.

В наиболее общем виде оплата труда работников представляет собой компенсацию работодателем труда наемного работника, соответствующую количеству и качеству выполненной работы. Размеры этой компенсации имеют вполне определенные количественные границы, поскольку, с одной стороны, они должны обеспечить: работнику определенный уровень удовлетворения его личных и социальных потребностей; работодателю получение от работника результата, необходимого для достижения конечной цели предприятия [5].

Тема совершенствования системы учета оплаты труда на строительных предприятиях на сегодняшний день остается актуальной, так как труд является важнейшим элементом издержек производства в обращении. Эффективное использование труда способствует повышению производительности труда, снижению себестоимости продукции, повышению прибыли и повышению эффективности производства.

ЛИТЕРАТУРА

1. *Носенко И.Ю.* Сметы на строительные работы: Практическое пособие. – М.: «КЦЦС», 2005. -136 с.
2. *Жарковская Е.П., Романова К.Г.* Анализ хозяйственной деятельности строительных организаций. – М.: Стройиздат, 2009. -256 с.
3. *Нурсейитов Э.О.* Бухгалтерский учет в организациях. - Учебное пособие, 2006. -472 с.
4. Professor Dr. Piero Ferri, Edward Greenberg Wages regime switching and cycles. – page 4.
5. *Bernd Fitzenberg.* A Cohort analysis of wage trends. - page 32.

REFERENCES

1. *Nosenko I.YU.* Smety na stroitel'nye raboty: Prakticheskoe posobie – М.: «KCCS», 2005 -136 s.
2. *Zharkovskaja E.P., Romanova K.G.* Analiz hozja istvennoi dejatel'nosti stroitel'nyh organizacii. – М.: Stroizdat, 2009. – 256 s.
3. *Nurseyitov E.O.* Buhgalterskyi uchet v organizacijah. – Uchebnoe posobiye, – 2006. – 472s.
4. Professor Dr. Piero Ferri, Edward Greenberg Wages regime switching and cycles. – page 4.
5. *Bernd Fitzenberg.* A Cohort analysis of wage trends.- page 32.

Калыкулов Куат Мухтарбекович – кандидат экономических наук, доцент, МКТУ им. Х.А.Ясави, г. Туркестан, e-mail: kalykulov.65@mail.ru

Жуасбаева Индира – магистрант, МКТУ им. Х.А.Ясави, г. Туркестан, e-mail: sarzhan_indira@mail.ru

ӘОЖ 388

Ж.Т.ЖАМШАЕВА

АЙМАҚТЫҢ ТУРИСТІК-РЕКРЕАЦИЯЛЫҚ ӘЛЕУЕТТІЛІГІН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Бұл жұмыста аймақтың туристік-рекреациялық әлеуеттілігін пайдаланудың тиімділігін арттыру жолдары қарастырылады. Туризм функцияларының бірі ретінде оның рекреациялық ресурстарына анықтамалар беріледі және туризмде қолданылатын мақсатты рекреациялық ресурстардың түрлері көрсетіледі. Туризм жүйесін дамытуға арналған критерийлер мен қызметтер келтіріледі. Қазақстанның көптеген археологиялық ескерткіштеріне тән өзекті проблемалар қарастырылады. Туристік нысандардың тарғымдылығын жүзеге асыратын белсенді ұйымдарды ұйымдастыру жолдары көрсетіледі.

Тірек сөздері: рекреация, туристік рекреация, рекреациялық ресурстар, рекреациялық әлеует, рекреациялық іс-әрекет, мәдени-этнографиялық әлеует.

Ж.Т.Жамшаева

Пути повышения эффективности использования туристско-рекреационного потенциала региона

В работе рассматриваются пути повышения эффективности туристско-рекреационного потенциала региона. Выдаются справки рекреационных ресурсов как одним из функции туризма и виды целевых рекреационных ресурсов применяемых в туризме. Приводятся критерии и функции для развитие системы туризма. Рассматриваются многие актуальные проблемы характерны для археологических памятников казахстана. Приводятся пути организации активных объединения осуществляющих привлекательности туристских объектов

Ключевые слова: рекреация, туристская рекреация, рекреационные ресурсы, рекреационный потенциал, рекреационная деятельность, культурно-этнографический потенциал.

Zh. T. Zhamshaeva

Ways to improve efficiency of the use of tourist-recreational potential of the region

In work ways to improve efficiency of the use tourist-recreational potential of the region are considered. References of recreational resources as one of function of tourism and types of the target recreational resources applied in tourism are issued. Criteria and functions for development of system of tourism are given. Many actual problems are considered are characteristic for archaeological

monuments of Kazakhstan. Ways of the organization active association of the tourist objects which are carrying out appeal are given.

Keywords: recreation, tourist recreation, recreational resources, recreational potential, recreational activity, cultural and ethnographic potential.

Anahtar kelimeleri: rekreasyon, rekreasyon Turizm, rekreasyon kaynakları, rekreasyonel potansiyeli, rekreasyon, kültürel ve etnografik potansiyeli.

Қазіргі таңда нарықтық экономикада туризм саласының алатын орны ерекше. Туризм еліміздің инфрақұрылымын халықаралық деңгейде дамыта алады. Мысалы айтар болсақ, әуе жолы, темір жолы, автокөлік жолы, қонақүй бизнесі, қоғамдық тамақтану және құжат қабылдау орындары, сонымен қатар, көптеген саламен тығыз байланыса ілгері жылжитын туризм – алпауыт елдермен иық тіресе алатындай, тіпті бәсекеде басып оза алатындай болу керек.

Елбасымыз Үздік отыздыққа апарар «100 нақты қадам» бағдарламасының 86-қадамында Қазақстан халқы ассамблеясының «Үлкен ел – үлкен отбасы» кең көлемді жобасын әзірлеу және жүзеге асыру, ол қазақстандықтардың біртектілігін нығайтады және азаматтық қоғамның бүтіндігін қалыптастыру үшін жағдай туғызады. Бұл барлық жұмыстар Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасын (ішкі туризмді дамытуды қоса есептегенде) және «Астана - Еуразия жүрегі», «Алматы - Қазақстанның еркін мәдени аймағы», «Табиғат бірлігі және көшпелі мәдениеттер», «Алтай інжулері», «Ұлы Жібек жолын қайта жаңғырту», «Каспий қақпасы» өңірлік мәдени-туристік кластерлерін құруды жүзеге асырумен байланысты екендігін айтып өтті [1].

Туризмнің қазіргі жағдайын заманауи бәсекеге қабілетті туризм саласында туристік кешен қалыптастыру - Қазақстандағы туризмнің дамуының негізгі мақсаты. Қазақстан экономикасында экономика салаларын дамыту мен қолдауға, аймақтарды жеделдетіп даму мен әлеуметтік мәселелерді шешуге, кәсіпкерлік қызметтің тиімділігін көтеруге, инвестициялар, технологиялар тартуға және заманауи менеджментке үлкен көңіл бөлінеді. Осыған байланысты ұлттық экономиканың туристік-рекреациялық саласын дамыту маңызды болып көрінеді, одан түскен кірістер мемлекеттің бюджетін толтырудың маңызды көзі болмақ. Қазақстан Еуропа мен Азияның тоғысқан жерінде орналасқан ел ретінде жыл сайын көбірек қызығушылық туғызуда және шетелдік туристердің өспелі ағынын тартады. Бұл туризмнің мамандандырылған түрлерінің басымдылығымен ұсынылатын туристік-рекреациялық қызметтер спектрін кеңейтуді болжайды. Алыс, сол сияқты таяу шетел елдерінен туристер санының артуы жағдайында туризмнің инфрақұрылымын жақсарту және туристік-рекреациялық аймақтарды қалыптастыру мәселесі туындайды.

Алматы облысы және Алматы қаласы, Ақмола, Шығыс Қазақстан, Маңғыстау және Оңтүстік Қазақстан облыстары - Қазақстанда туризм және рекреация аймақтарын құру және дамыту тұрғысынан неғұрлым қолайлылары болып табылады, олар жеткілікті алуан түрлі табиғи алғышарттарға ие: климаттық жағдайлары, бірегей рекреациялық ресурстардың болуы және т.б.

Рекреация – адам күштерінің кең қайта қалпына келтіруі (физикалық, интеллектуалды және эмоционалды).

Рекреациялық әлеует – нақты анықталған территорияда рекреациялық қызметті ұйымдастыру үшін және дамыту үшін барлық табиғи, әлеуметтік-экономикалық және т.б. алғышарттардың жиынтығы.

Рекреациялық потенциал – нақтылы бір аумақта рекреациялық әрекетті ұйымдастыру және дамыту үшін табиғи, мәдени-тарихи және әлеуметтік-экономикалық ресурстардың бірігуі.

Рекреациялық ресурстар – рекреациялық кәсіптердің әртүрлі түрлері мен формаларын ұйымдастыру үшін пайдаланылуы мүмкін бірегейлік, эстетикалық тартымдылық, емдік-сауықтыру сияқты маңыздылығы бар табиғи органдың компоненттері мен шаруашылық әрекеттерінің нысандары.

Рекреациялық іс-әрекет – әлеуметтік мәдени жүйе стандарттарына сәйкес өз күшін қалпына келтіруге бағытталған адамдардың әртүрлі іс-әрекеттері; рекреациялық қажеттіліктерді іске асыруға бағытталған, адамның физикалық және рухани күшін қалпына келтіруге және дамытуға бағытталған іс-әрекеті.

Оңтүстік Қазақстан облысының таулы және тауалды аймақтары туристік рекреациялық ресурстарға өте бай. Бұл аудандарда туризмнің бірнеше түрлерін, оның ішінде экстремалды туризм түрлері де бар, дамытуға болады. Дегенмен де оларды толыққанды дамытуға аталған аймақтардағы болатын апатты қауіпті табиғи үрдістер мен құбылыстар кері әсерін тигізеді [2].

Ұлттық орман саябақтарындағы табиғи құндылықтарды бағалау бойынша шетелде келген туристер үшін көңіл-көтеру және уақытты тиімді өткізу жағдайлары толыққанды қамтамасыз етілген. Айтар болсақ, Қытайдағы Люшункоу Ұлттық орман саябағы (Lushunkou National Forest Park) Қытайдың солтүстік-шығысындағы Ляонин провинциясында орналасқан. Бұл Қытай Сары Теңізі және Бохай шығанағымен шекаралас шығыс және батыс тараптары бар аумақты, алып орманды және құрлықты аймақ. Жалпы көлемі 244,22 км², теңіз жағалауының 169 км алып тұрады. Саябақтың ішінде туризмнің басты 8 торабы және 72 көңіл-көтеру орындары бар. Бұл саябақтың табиғи ерекшеліктерінен басқа, тарихи және мәдени құндылықтарының көптеген ерекшеліктері бар. Қытай музейлерінің ұлттық статистикасына сүйенсек, саябақтағы 47 көңіл-көтеру орындары сол елдің байырғы тарихынан қалған ұлттық-мәдени мұра ретінде танылады. Оның ішінде байырғы соғыс дәуіріндегі Sino – жапондықтардың соғысы

(1894- 1895 жж.) және әскери құрылымдарының қорғану мақсатындағы жапон-ресей арасындағы алпауыт соғыстан қалған тарихи орындар сақталып қалған. Бұл саябақта теңіз жағалаулары, таулар, шығанақтар, жағажайлар, жыландар және құстар аралы бар. Осы саябаққа келген туристер табиғи сұлулықты көріп қана қоймай, тарихи-мәдени қуаттылықты да сезіне алады. Саябақ 1990 жылы Қытай Орман Министрінің бұйрығымен салынған. Ағаштардың, қондырғылардың және жануарлардың көптеген түрлері, құстардың 210-нан аса түрлері бар, олардың көпшілігі көктем мен күз айларында қоныс аударады. Қытайдың солтүстік-шығыс аймағы үшін өте көзартарлық туристік аймақ облып табылады. Соңғы 5 жылда саябаққа 35,4млн. аса туристер келді. Ол өз кезегінде 79,37млн. АҚШ долларын түсірді, ол туризмнің ішінде бір жылға орташа көрсеткіш 15,87млн. АҚШ доллары кіріс кіргізген. Осы себептен келушілерден түсетін кірістің үлесі 10.5%-дан 16,95%-ға көтерілген [3].

Үш фактор ұлттық туризмді дамытуға негіз бола алады: бірінші - табиғи бай ресурс және тарихи-мәдени нысандар, екінші – қаржы, үшінші - еңбек ресурстары. Оңтүстік Қазақстан облысының қазіргі ахуалында бұл үш факторды да қолға алуға болады. Оның үстіне туризм айналып келгенде инфрақұрылымға келіп тіреледі. Ал, инфрақұрылымды әлемдік стандартқа сәйкестендіру аса маңызды шаруа. Оңтүстік Қазақстан облысында шетелдік туристер ағынын ұлғайту мүмкіншілігі көп. Сонымен бірге Оңтүстік Қазақстан облысының таулы аймақтардағы көрікті жерлер әсемдігі, туристерді тартағын, өзіндік ерекшеліктері, ауасының тазалығы альпинизм, тау шаңғысы мен аң аулау және т.б. істермен шұғылдануға ыңғайлы маршруттар ашуға сұраныстар тұғызғанымен, туристік нысандар мен коммуникация құрылыстарын жүргізу көптеген техникалық-экономикалық қиындықтарға кездеседі, алайда сондай қиындықтарға қарамастан жұмсалған шығын тез арада-ақ өзінің орнын толтыратыны белгілі.

Қазіргі кезеңде шетелден келетін туристер ағынының аз болуының басты себебі туристік бағдарлама мен мәліметтердің жан-жақты, кең көлемде болмауы, қызмет көрсетудің сапасының төмен болуына байланысты деп айтуымызға болады. Дүние жүзіндегі елдер арасында саяси және мәдени байланыстарды нығайту, кеденді қолайлы ету, визалық жасандықты жою, қызмет сапасын жоғарылату және таңдаудың мүмкіндіктерін кеңейту жөнінде көптеген жұмыстар атқару керек. Сонымен қатар, біз туризм жүйесін дамытуға арналған келесі критерийлер мен қызметтерді ұсынамыз:

- Мемлекет және Үкімет тарапынан туризмнің дамуына көмек және демеу көрсетуді қамтамасыз ету;
- осы мақсаттарға жету үшін заңда көрсетілген нормативті құқықтық базаны нығайту және тапсырманың орындалуын қатаң қадағалау;
- аталған саланы ең жоғары дәрежеде қаржыландыру және материалдық-техникалық базаны көтеру;

- туризмге инвестиция ағымын көбейту үшін қаржы-несиелік жүйені күшейту;
- туристік инфрақұрылымдарды халықаралық стандарттар дәрежесіне көтеру;
- шетелдерде үкімет пен елшілердің көмегімен еліміз туралы толық ақпаратпен қамтылған тур орталықтар ашу, мәдени-тарихи этнографиялық мұраларын, табиғат әсемдігін танытатын (ғаламтор арқылы) жарнамалар беріп, кеңінен насихаттау;
- болашақта туризмнің сәтті дамуына кепіл болатын жоғары білікті, кәсіби шебер маман даярлау;
- осы заманғы бәсекеге қабілетті туризм индустриясын қалыптастыру үшін ұйымдастырушылық және инновациялық негіздерді дамыту;
- Қазақстан туризм индустриясында маркетинг және менеджментін дамыту және қолдану.

Туризм жүйесінің көп қырлы функцияларының біріне оның рекреациялық ресурстары жатады. Рекреациялық ресурс - рекреациялық сұранымды қанағаттандыруға негізгі технологиялық компоненті болып есептелетін, рекреациялық салаға тартылған объектілерді адамдардың дене және рухани күштерін, оның денсаулығы мен еңбек ету қабілетін қалпына келтіріп, арттыруға ықпалды және де емдік-сауықтыру орындары мен туристік қызметті тұтыну мен өндіруге, сондай-ақ туризмнің әртүрінің сұранымдарын қанағаттандыруға қатысты қолданылатын табиғи және мәдени-тарихи кешендер мен оның элементтерін айтамыз.

Туризмде қолданылатын мақсатты рекреациялық ресурстар қатарына жататындар:

Емдік туризм ресурстары: минералды су, емдік батпақ, климаттық жағдайларды (орман, дала, теңіз және т.б.);

Сауықтыру туризмінің ресурстары: ландшафты климаттық жағдайлар, қолайлы жыл мезгілінің ұзақтығы, көлдік-өзендік, теңіз жағасы, суға түсу маусымы;

Спорттық туризм ресурстары: табиғат ортаның өлшемдері, өзіне тән ерекшеліктері;

Экскурсиялық туризм ресурстары: тарихи, мәдени, археологиялық ескерткіштер, табиғаттың көрікті орындары этнографиялық және шаруашылық объектілер, музей және тағы басқалар.

Оңтүстік Қазақстан облысының экологиялық туризм ресурстарына әсем табиғи кешеннің болуы, ал тау туризмі мен альпинизмге – тау тізбегі мен шатқалдардың бірегей массалардың болуы жатады. Технологиялық міндетті ресурстар толық демалу мен рекреациялық мүмкіндіктермен қамтамасыз етеді, бірақ барлық уақытта ең тиімді мүмкіндік болып санала бермейді. Сұранымды толық қанағаттандыру үшін өзіне тән орта, жан-жақты әсемдік, жарасымдылық қалыптастыратын бірнеше ресурстар комплексі, яғни мүмкіндік туғызатын ресурстар болуы қажет. Технологиялық міндетті және

мүмкіндік жасаушы ресурстардың үйлесімділігі демалушылардың сұранымын барынша қанағаттандырағындай туристік-рекреациялық ресурстар кешенін қалыптастырады.

Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша маңызды тарихи және мәдени ескерткіштердің жалпы саны – 1209. Қазіргі таңда жергілікті маңызға ие және мемлекеттік қорғаудағы тарихи және мәдени 434 ескерткіш, 56 – архитектуралық ескерткіш қойылды. Облыс бойынша республика көлемінде танымал мәдени-мұралар қатарына Қожа Ахмет Иассауи кесенесі, Бәйдібек Ата бейгі, Домалақ төбе ескі қаласы, Домалақ Ана бейгі, Қошқар-Ата мазары, Ордабасы қорғандары, Арыстанбаб кесенесі, Боралдай, Рабия сұлтан Бегімнің бейгі, Сауран қалашығы және т.б. жатады [4].

Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша мәдени-этнографиялық әлеуеті әлде болса толық қолға алынбаған. Облыстағы археологиялық нысандар қатарын талдай отырып, еліміздің көптеген археологиялық мұрағаттарына тән бірнеше өзекті проблемаларды айтуға болады:

- сырттағы немесе таза ауадағы археологиялық ескерткіштер деңгейінің төмендегі;

- археология ескерткіштер ахуалының қауіп-қатер жағдайында болуы;

- археологиялық мұралардың негізінде туризмді дамыту туристерді жұмылдыратын жалпы бағыттың болмауы;

- Үкімет тарапынан археологиялық ескерткіштердің сақталуын қамтамасыз етпеуі. Жергілікті билік ұйымдары арқылы археология ескерткіштерін туризмге кірістіру мәселесі және археологиялық қорықтар құру немесе мұражай кешендерін құру мәселелері жүзеге асырылады;

- археологиялық мұражай қорықтарын көріп шыққан туристер саны жөнінде нақты статистикалық мәліметтің жоқтығы.

Оңтүстік Қазақстан облысында қазіргі таңда археологиялық ресурстардың жеткілікті қорын иеленетін олардың кішігірім бөлігі мұражайларға қойылған және туризмге енгізілген деп айтуға болады. Археологиялық ескерткіштерді қолдану мен қорғаудың шетелдік тәжірибесін қолдану арқылы археологиялық мұраны үлкен туристік әлеуетке айналдыруға болады.

Тарихи-археологиялық ескерткіштерді ұйымдастыру тәжірибесі мен археологиялық қорлардың шетелде қолданылуын талдайтын болсақ:

1. Мұражайландырудың кең көлемде етек жаюы. Археологиялық мұражай-саябақтардың құрылуы – ескерткіштерді сақтау мен туристік орталықтар, мысалы, Египет пен Грекияның археологиялық мұралардың туризмнің назарын аудартуында өзінің оң тиімділігін дәлелдеді.

2. Археологиялық ескерткіштердің белсенді түрде туризмнің назарын аудартуы және ауданның беделіне сәйкестене отырып құрылуы. Археологиялық ескерткіштердің дамуы оразан зор көлемдегі инвестицияларды талап етуіне қарамастан өзінің тиімділігін ақтай алды. Өйткені, көптеген туристердің назарын аударатын басты фактор – археологиялық

мұралар болып табылады.

3. Археологиялық ескерткіштерді сақтау мен қаржыландырудағы мемлекеттік қолдау. Мемлекеттің нормативтік-құқықтық тараптарының қызығушылығына байланысты археологиялық нысандардың сақталу көрсеткіші көптеген елдерде жоғары болып отыр.

4. Шетелдік көптеген археологиялық ескерткіштер туралы ақпараттың қолжетімділігі. Мемлекеттің туристік нысан беделінің және жарнаманың әлеуметтік желісіндегі сайттар арқылы танып білу, келуші туристер саны, турларды сипаттау, нысандар туралы статистикалық мәліметтер табуға болады [4].

Сонымен қатар елімізде туризм саласында бірнеше үрдістерді байқауға болады: талап етілген және ұсынылған қызмет түрлерінің әртүрлілігі мен туризм географиясының кеңдігінен елімізде шетелге туристік сапармен кетіп жатқандардың санының артуы, көрсетілген қызметтердің сапасының төмендігінен туристік ағымдардың шетелдерге шығуы, қабылдаушы жақтың қазақстандық менталитетінің ерекшелігіне, оның жетістіктері мен кемшіліктерін сатылай отырып қайта бағдарлануы - тұтынушының баға мен қызмет сапасы қатынасына талабының жоғарылауын білдіреді.

Бұл жағдайда туристерді тарту үшін мемлекеттің рекреациялық объектілерін пайдалану, мұрағат объектілерін сақтау, аймақтың экономикалық дамуы - өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Рекреациялық объектілерін тиімді пайдалануды жоғарылатудың дәстүрлі және заманауи түрлері бар. Қазіргі жағдайда меншік объектісінің түрі мен мәртебесі, оның тартымдылығы маңызды болып саналады. Әсіресе әрбір объектінің меншік түрін оның экономикалық бағалау негізінде анықтау қиын мәселе болып тұр.

Тынығу объектілерін меншік иелігіне беру және тынығу меншігін пайдалану біріншіден, оларды пайдалану деңгейінің белсенділігін, екіншіден, олардың сақталуын қамтамасыздандырады, үшіншіден, қосымша қызмет түрін қалыптастыруға ықпал жасайды. Жекеменшік туристік объектілерді құру мен пайдаланудың ең бастысы – табыстылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ететін заңды және экономикалық механизмдердің жоспарын құру. Жетік бақылау барысында меншік иелері (тынығу объектілерін жалға алушылар) оларды белсенді пайдалануға ғана емес, сонымен қатар ноу-хау жасауға, инвестициялар тартуға, сол объектілердің сақталуына кепіл бола алады. Қажетті заңдылық базасы болған жағдайда тынығу объектілерін меншік иесінің игеруі туристер санының көбеюін қамтамасыз етеді, сонымен қатар тынығу аймақтарының бірегей даму деңгейін жоғарылатады.

Меншікті мұра объектілерінің мәселелері жерге меншік проблемаларымен жанаса келеді, сондықтан объектіні мұраға беру механизмін жасау, меншік иесіне жерге төлейтін төлемақы мөлшерін анықтау қажет. Аймақтық заңдарды сараптау барысында діни мекемелерге мәдени құрылыс нысандарын жүргізуге (апатты жағдайдағы нысандарға); тарихи-мәдени және табиғатты қоры аймақтар объектілерін құруға; мұра объектілерін

жөндеу жұмыстары мен қайта жөндеу мәселелеріне; жаңа ескерткіш орнатуға ерекше мән берілетіні анықталды, бірақ мұра объектілерін бағалау, залалды қалпына келтіру, сақтандыру мәселелері қарастырылмаған. Жекеменшік иелігіне туристік объектілерді тек қана сақтау шартымен беруді ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік маңызы бар ерекше нысандардан басқа объектілерді дұрыс пайдалану механизмі жасалмаған.

Зандардың тиімсіздігінен меншік формасының түрін алмастыру барысында мұра объектілеріне жауапсыздықпен қарау тек қана жекеменшік тұлғалардан байқалмайды, сонымен қатар мемлекеттік мекемелердің де салғырттығынан байқалады. (әсіресе археологиялық ескерткіштер көп зақымданады).

Мемлекет меншігіндегі ерекше объектілерді олардың болашақтағы мәртебесін анықтай отырып сақтау мүмкін. Ондай объектілер мұражай қарамағында, ерекше мәртебесі бар ерекше күзеттегі территорияларда, объектілерді пайдаланудың жаңа түрлерін енгізу мен кеңейтуге, үлестік қаржысы бар нысандар (кішкентай тарихи қалалар), ерекше күзеттегі табиғат территориялары (ұлттық саябақтар), ерекше тарихи территориялар, олардың халықаралық маңызы бар объектілер ретінде сапар шегу мүмкіндігі бар, дұрыс саясат негізінде коммерциялық және қайырымдылық капитал құю мақсатында шетелдік инвестиция тартуға өзіндік құқығы бар болуы керек.

Туристік объектілерді пайдалану кезде экономикалық және экологиялық тәуекелдерді белсенді түрде сақтандыруды қолдану қажет. Зілзала болған жағдайда мұра объектілерін сақтау шартын бұзу салдарынан келтірілген залалға, дұрыс пайдаланбағанда, әртүрлі муниципалды, мемлекеттік құрылымдардың теріс әрекеттерінің салдарынан, біздің мемлекетімізде өтемақы өндіру жетілмеген аспект болып саналады.

Қорытындылай келе, меншік түрі мен мәртебесіне қарамастан туристік нысандардың тартымдылығын жүзеге асыратын белсенді ұйым ұйымдастыру қажет. Оны мынандай жолдармен ұйымдастыруға болады:

- турөнімді кеңінен тарататын салалы жүйені құрастыру арқылы (турлар, шетел тәжірибесі негізінде қысқамерзімді экскурсиялар). Әрбір клиент үшін комиссиялық төлемдер төлеу арқылы агенттерді қызықтыру, фирмаладың қызығушылығын қаланың әртүрлі орындарынан шығатын кіші мобильді топтарға бағыттау. Біздің мемлекетімізде объектілердің транспортты, мезгілді, эмоционалды қолжетімділігі басты болып саналады. Ұсынылған сервис түрі әлемдік туристік ұйымдар іспетті есте қаларлықтай болу керек;

- міндетті трансфер (мобильді микроавтобустар) негізінде туристерді кіші топтарға қалыптастыру жолдары;

- нарыққа өз тауарларын шығару мен сатуға қызығушылық танытқан басқа фирмалардың жарнамалары негізінде экскурсиялар мен турлардың бағасын түсіру жолдары. Кейбір объектілер мен маршруттарды күшейту үшін басқа елдердің тәжірибесіне жүгіну: туристерді белгілі бір маршрутқа

жеткізетін транспорт бағасын төмендету, саяхатқа демеуші болатындардың өнімін сату;

- қажетті инфрақұрылым мен сервис деңгейін қалыптастыру жолдары. Қазіргі таңда аз шығынмен, алғашқы қаржы құю арқылы немесе қаржы тартудың басқа түрін пайдалана отырып, жүзеге асыруға болады. Алғашқы сатыда еврокласс қызметінің төменгі түрлері - душ кабиналары, биоәжетхана, купе тәріздес ұйқы бөлмелері, кір жуатын автомат пен химиялық тазалау қызметі, әртүрлі қажетті тауарлар сататын дүкендер, халықаралық телефон-автомат, дәріхана, жанармай бекетінің жақындығы, автокөлікті жалға беру және тұрақпен қамтамасыздандыру. Демалыс және экологиялық қауіпсіздік, сонымен қатар сақтандыру, қорғаныс, медициналық көмек, эвакуация мүмкіндігі;

- туристердің танымдылық пен сауықтану процестеріне белсенді қатысу түрлерін дамыту, шетел тәжірибесін пайдалана отырып, әртүрлі анимацияларды енгізу, сонымен қатар заманауи бейімделген дәстүрлі және ұлттық түрін пайдалану. Мысалы қолжетпейтін белсенді туризм түрлері («джип-сафари», ауа шарлары, қалың қарда жүріп-тұруға арналған автокөліктер, парашюттар, т.б.);

- қысқа бағыттағы туризм түрінен жан-жақты түрлеріне көшу. Соңғы жылдары халықаралық туризмнің белсенді дамуына байланысты туристер саяхаттың интеллектуалды, рухани, нақты табиғи қаныққанын талап етеді. Сондықтан ұсынылған қызмет түрін кеңейту қажет, бағасы сапасына сай келу керек. Осы қатынастан біз ұтылып, туристік ағымдардың көп бөлігін жіберіп аламыз;

- объектілерді рекреациялық пайдалану барысында тартымдылығының арқасында коммерциялық құнын күшейту жолдары біріншіден, белсенді жарнама ұйымдарының көмегімен мұраны зерттеуде, аймақтық мәдениетті дамытуда, оны сақтау барысында ақпараттық құралдар рөлін күшейту; жаңа технологиялар негізінде ақпараттар тарату (виртуалды құралдар); екіншіден, рекреация мақсатында бұл орындардың тартымдылығын күшейтудің жасанды жолдары арқылы, яғни сауық-сайран мен имитациялық объектілерін салу арқылы территорияларды жасау (мини-диснейлендтер, гидробақтар, паноптикумдар (балауыздан жасалған мүсіндер), т.б.).

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Үздік отыздыққа апарар «100 нақты қадам» Н.Ә.Назарбаевтың 2015 жылғы Бағдарламасы. VNews.kz
2. *Тасболат Б., Бугенбаева С.* ОҚО таулы аймақтарында туристік-рекреациялық іс-әрекеттерге кері әсер ететін құбылыстар.// География және табиғат, №3, 2014. 12-б.
3. *Erda Wang, Jianhua Wei, Huiyuan Lu.* Valuing natural and non-natural attributes for a national forest park using a choice experiment method.//Tourism Economics, 20(6), 2014. pg.1201.

4. *Шакен А.Ш., Жылқыбаева М.И.* Оңтүстік Қазақстан облысындағы тарихи-археологиялық нысандардың туризм дамуына тигізетін әсері.//Өл-Фараби атындағы ҚҰУ Хабаршысы. 2(39), 2014. 94-95 б.

REFERENCES

1. Uzdik otyzdykka aparar «100 nakty kadam» N.A.Nazarbaevtyn 2015 jilgi bagdarlamasi. BNews.kz

2. *Tasbolat B., Bugenbaeva S.* ОКО таулы аумақтарында туристік-рекреациялық іс-әрекеттерге кері әсер ететін кұбылыстар.//Geografia jane tabigat, №3, 2014.12-b

3. *Erda Wang, Jianhua Wei, Huiyuan Lu.* Valuing natural and non-natural attributes for a national forest park using a choice experiment method.//Tourism Economics, 20(6), 2014. pg.1201.

4. *Shaken A.Sh., Jilkibaeva M. I.* Ontustik Kazakstan oblysyndagy tarihi-arhreologiaalyk nisandardyn turizm damuyna tigitetin aseri.//Al-Farabi atyndagy KUU Habarshysy. 2(39), 2014. 94-95b.

Жамшаева Жұлдызай Төлебайқызы – магистрант, Ахмет Ясауи университеті, Түркістан қ., e-mail: jul_diz14@mail.ru

ӘОЖ 330.1

Б.С.МЫРЗАЛИЕВ, У.О.КАЛИЕВА

**АГРОӨНЕРКӘСІПТІ ИНДУСТРИАЛДЫ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ
ДАМУДЫ БАСҚАРУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

Мақалада нарықтық қатынастардың даму жағдайында агроөнеркәсіп кешенін индустриалды-инновациялық дамытуды басқарудың ғылыми-теориялық негіздері зерттелген. Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2013 - 2020 жылдарға арналған «Агробизнес-2020» бағдарламасы іске асыру мәселелері қаралған. Агроөнеркәсіпті индустриалды-инновациялық негізде дамытуды басқарудың алғышарттарын Қазақстанда аграрлық-индустриялық аймаққа жататын Оңтүстік Қазақстан облысының мысалында көрсетілген. Сонымен қатар агроөнеркәсіп кешенін саланың инновациялық даму жағдайында мемлекеттік реттеу мәселелері зерттелген. Ауыл шаруашылығында кооперацияның дамуын ынталандыру өзекті мәселелердің бірі деп қарастырылған.

Трек сөздері: агроөнеркәсіп кешені, ауыл шаруашылығы, индустриалды-инновациялық даму, басқару қатынастары, инновация, нарықтық механизмді реттеу.

Б.С.Мырзалиев, У.О.Калиева

**Научно-теоретические основы управления индустриально-инновационного
развития агропромышленного комплекса**

В статье исследуются научно-теоретические основы управления индустриально-инновационного развития агропромышленного комплекса в условиях развития рыночных отношений. Рассмотрены вопросы преобразования агропромышленного комплекса на основе претворения программы «Агробизнес-2020». Предпосылки научно-теоретического основ управления индустриально-инновационного развития агропромышленного комплекса Казахстана показаны на материалах Южно-Казахстанской области, которая относится аграрно-индустриальному региону. Также исследованы проблемы государственного регулирования развития агропромышленного комплекса в условиях инновационного развития отрасли. Стимулирование развития кооперации рассмотрено как одна из актуальных проблем в сельском хозяйстве.

Ключевые слова: агропромышленный комплекс, сельское хозяйство, индустриально-инновационное развитие, управленческие отношения, инновация, регулирование рыночного механизма.

B.S.Myrzaliev, U.O.Kaliev

**Scientific and Theretical Bases of Management of Industrial and Innovative
Development of Agro-Industrial Complex**

In article are investigated scientific and theoretical bases of management of industrial-innovative development of agro-industrial complex in conditions

development of the market relations. Questions of transformation of an agro-industrial complex on the basis of realization of the «Agrobusiness-2020» program are considered. Prerequisites scientific-theoretical bases of management of industrial-innovative development of agro-industrial complex of Kazakhstan are shown on materials of the Southern Kazakhstan area, that belongs to the agrarian-industrial region. Problems of state regulation of development of agro-industrial complex in the conditions of innovative development of the branch are also investigated. Stimulation development of a kaooperation is considered as one of actual problems in agriculture.

Keywords: agro-industrial complex, agriculture, industrial and innovative development, administrative relations, innovation, regulation of a market mechanism.

Anahtar kelimeleri: agro-endüstriyel kompleks, tarım, endüstriyel yenilikçi geliştirme, yönetim ilişkileri, yenilik, piyasa mekanizmasının düzenlenmesi.

Индустриалды-инновациялық дамуды тиімді басқару мен нарықтық механизмдерді қолданудың оңтайлы арақатынасын қамтамасыз еткенде ғана қоғам өмірінің және халықтың бүкіл әлеуметтік топтарының материалдық жағдайын жақсартуға бағытталған мемлекеттік шығындарды ақтауға және ауыл шаруашылығын реформалау тұжырымдамасын іске асыруға мүмкіндік туындайды.

Бүгінде қазақстандық экономиканың өлшемдеріне сай келетін, ауыл шаруашылығының ерекшеліктерін ескеретін, аграрлық капиталдың жинақталуын ынталандыратын және қолданылу тиімділігін арттыратын, экономикалық тұрғыдан пайдалы шарттарды қалыптастыруға қабілетті, нарықтық үдерістерді басқарудың ықпалды механизмін құруға қажеттілік туындап отыр.

Ауыл шаруашылығындағы нарықтық қатынастардың дамуының күрделену жағдайында индустриалды-инновациялық дамуын басқарудың осы және өзге де мәселелері зерттеу тақырыбының өзектілігі мен оның теориялық және практикалық маңызын айқындайды.

Ауылдық жерлерде шаруашылық жүргізудің нарықтық механизмін қалыптастыру және экономикалық тұрғыдан дәйектеу мәселесіне ХХ ғасырдың 20-30 жж. Н.Д.Кондратьев, Н.Л.Макаров, А.В.Чаянов, А.Н.Челинцев сынды аграрлық ғалымдардың зерттеу еңбектері арналған.

1980-2000 жж. ауыл шаруашылығын нарықтық қатынастарға көшіруге, оның ішінде жаңа жер қатынастарын орнатуға, өндіріс құралдарын жекешелендіруге және мемлекет меншігінен алуға, шаруашылық жүргізудің көп деңгейлі жүйесін қалыптастыруға, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын ұйымдық-экономикалық қайта құруға, т.б. арналған жаңа ғылыми тұжырымдамалар дами бастады. Аталмыш ғылыми зерттеулер К.А.Айтаханов, Е.Б.Байбарақов, В.В.Григорук, Т.А.Есіркепов, С.С.Еспаев,

Т.И.Есполов, Г.А.Қалиев, Р.Ю.Куватов, Ш.К.Көпешов, А.Б.Молдашев, А.А.Сатыбалдин, М.И.Сигарев, Ж.Ж.Сүлейменов, Ж.С.Сүндетов және басқа да қазақстандық экономист ғалымдардың еңбектерінде қолға алынды.

Әйтсе де, осы ғылыми зерттеулерде ауыл шаруашылығында нарықтық қатынастардың қалыптасуы мен дамуы жағдайында экономиканың индустриалды-инновациялық дамуын басқарудың теориялық және практикалық мәселелері толық зерттелмегенін айта кеткен жөн. Сонымен қатар, тез құбылмалы экономикалық жағдайда нарықтық реформалар мен өзгерістерді ұтымды басқарудың нақты механизмдері де қажетті деңгейде ашып көрсетілмеді. Ауыл шаруашылығы саласындағы инвестициялық үрдістерді қаржыландыру мен ауыл шаруашылығы өнімдерінің бағасын белгілеудегі мемлекеттің басқарушылық рөлін жетілдіру мәселелері де жан-жақты зерттеулерді талап етуде. Бүгінде мемлекеттен де, корпоративтік қаржыландыру көздерінен де бөлінетін ақшалай ресурстарды шоғырландыру мен тиімді пайдаланудың экономикалық механизмінің индустриалды-инновациялық дамуын басқару мәселелері де оң шешімін күтуде.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев 2015 жылғы 30 қарашадағы «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсу, реформалар, даму» атты Қазақстан халқына жолдауында «біз қазірдің өзінде индустриялық-инновациялық дамудың екінші бесжылдығын бастадық, яғни шикізат ресурстарына ғана қарап қалмайтын экономика құрудамыз. Қазақстан экономикасының инновациялық әлеуетін арттырған жөн. Болашақтың экономикасын құру үшін негіз қалау маңызды», - деген болатын [1].

Сонымен қатар Президент Н.Ә.Назарбаев өзінің «100 нақты қадам» бағдарламасының 35,36, 60-64 қадамдарында ауыл шаруашылығын жаңа белестерге көтеру, жер реформасын жетілдіру, сүт және ет өнімдері өндірісі мен өңделген өнімдерді экспорттауда инвестиция тарту, ғылымды қажет ететін салаларда инновациялық кластерді дамыту мәселелерін қарастырған [2].

Қолдағы бар ғылыми әзірлемелерде бұл мәселелер әзірге мүдделерді бір жақты қанағаттандыру тұрғысынан қарастырылған. Мәселен, аграрлық саланы басқару мәселелерін зерттейтін ғалымдар ауыл шаруашылығы өнімдеріне деген конъюнктуралық сұраныс пен ұсыныста болатын өзгерістердің басымдықтарына ерекше мән береді. Ал, қаржы саласы арқылы басқару мәселелерін шешуге ұмтылатын ғалымдар болса, қаржылық, несиелік, салықтық және бағалық іс-шаралар арқылы қажетті шарттар мен стимулдарды қамтамасыз етуге бағдарланады. Қай тұрғыдан қарасаңыз да, мұнда аграрлық реформаны тұтастай жүзеге асыру, оның ішінде аграрлық реформаның даму барысын жеделдету, экономиканы басқарудың әкімшіл-әміршіл әдісін бірте-бірте жою, ауылдық жерлердегі нарықтық механизмді реттеуге мемлекеттің белсенді араласуын ынталандыру, ауыл шаруашылығы

тауарларын өндірушілерге қаржылық қолдау көрсету, т.б. туралы тұжырым-дамалар мен әдістер кешенді түрде қарастырылмаған.

Агроөнеркәсіп кешенінің жоғары ғылыми-техникалық әлеуеті мен өндірістің техникалық және технологиялық базасын жаңарту қарқынының қанағаттанарлықсыздығы арасындағы қарама-қайшылық аса маңызды ғылыми мәселені – қазақстандық экономиканың аграрлық саласын инновациялық дамыту механизмдерін басқарудың теориялық және әдістемелік дәйектемесін шешуді талап етеді.

Аграрлық саланың дамуын экономикалық тұрғыдан ынталандыру және оның инвестициялық тартымдылығын көтеру үшін «2010-2014 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының үдемелі индустриалды-инновациялық даму Мемлекеттік бағдарламасы» ауыл шаруашылығы өнімдерінің өндірісі мен нарығын басқару жүйелерін дамытуды қарастырады [3].

Осыған байланысты Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 17 мамырдағы №1096 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының Индустриалды-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясында» былай делінді: «Стратегияның маңызды міндеттерінің бірі мақсатты инвестициялық және ғылыми-техникалық стратегияларды іске асыру, инвестициялық белсенділікті реттеу мен ынталандыру болып табылады, бұл индустриялық-инновациялық дамудың қазіргі мемлекеттік басқару жүйесін қайта қарауды және белгілі бір дәрежеде қайта құруды қажет етеді. Мемлекеттік инвестициялық саясаттың индустриялық-инновациялық дамуға қатысты мақсаты қаржыландыру көзін, жеке сектордың мемлекеттің араласуынсыз шамасы келмейтін салаларына инвестицияларды қолдау мен тартудың тиісті тетіктерін айқындау болып табылады» [3].

«Тиісінше, бизнес басымдықтары, қосылған құны жоғары өңдеу өндірістерін дамыту жөніндегі мемлекет басымдықтарына сәйкес келген жоқ. Бұл үрдістер даму институттарының, сонымен қатар екінші деңгейдегі банктердің инвестициялық жобаларының тиісті портфелінде көрінді. Бұл ұлттық бизнестің қалыптасуының объективті эволюциялық үрдісін көрсетеді. «Көбікті» үрлеген дағдарыс жаңа нарықтарды және инновациялық өнімдерді іздетеді. Қазақстанның дағдарыстан кейінгі дамуының оңтайлы жолына жеделдете индустрияландыру жатады» [4].

«Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын іске асыру жөніндегі одан арғы іс-шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 15 тамыздағы № 1165 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің бағдарламасында «Мемлекеттік басқару функцияларын тиімді іске асыруды қамтамасыз ету, әлеуметтік секторды, инфрақұрылымды дамытуды, аграрлық секторды дамытуға жәрдемдесу бюджеттік инвестициялардың басымдықтары болады»- деп атап өтілген [5].

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаев 2014 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ»

атты халыққа жолдауында «Жасыл» экономикаға көшу жөніндегі қабылданған тұжырымдамаға сәйкес, 2030 жылға қарай егіс алқаптарының 15 пайызы суды үнемдеу технологияларына көшірілетін болады. Біз аграрлық ғылымды дамытып, сынақтық аграрлық-инновациялық кластерлер құруымыз қажет. Уақыт көшінен қалмай, табиғи азық-түлік өндірумен қатар құрғақшылыққа төзімді гендік-модификацияланған өнімдер өндірісін де жүргізу маңызды», - деп атап көрсеткен болатын [6].

Сондықтан «Мемлекет басшысының 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 18 желтоқсандағы № 449 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі «Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2013 - 2020 жылдарға арналған «Агробизнес-2020» бағдарламасын бекіту туралы» 2013 жылғы 18 ақпанда арнайы қаулы қабылдаған болатын [7]. Бұл Қазақстан агроөнеркәсіп кешенін (АӨК) келешекте биік белестерге жетелейтін құжатта мынадай бағдарламалық нысаналы индикаторлар берілген: АӨК субъектілерін субсидиялау есебінен ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау көлемін 2020 жылға қарай 4,5 есе арттыру; АӨК субъектілерінің борыштық жүктемесін қарыздарды қайта қаржыландыру және қайта құрылымдау есебінен жалпы сомасы 500 млрд. теңгеге кемінде 9 жылға ұзарту; кредиттер мен лизингтің қолжетімділігін арттыру жөніндегі шаралар есебінен АӨК-ге тартылған мемлекеттік емес кредиттік қаражат көлемін 2013-2020 жылдары 2 трлн. теңгеге дейін жеткізу; карантиндік және аса қауіпті зиянды организмдер таралуының қауіптілік коэффициенті 2020 жылға қарай 0,88; мониторингтік зертханалық зерттеулерге ұшырайтын тамақ өнімдерінің үлесі 2020 жылы – 0,4%; электрондық пішімге көшірілген мемлекеттік көрсетілетін қызметтер үлесі 2015 жылға қарай – 62%.

Дегенмен бүгінгі күні агроөнеркәсіп кешеніндегі индустриалды-инновациялық үдерісті басқарудың ғылыми-әдіснамалық бағыттары ғылыми-техникалық прогрестің даму деңгейіне сәйкес күннен-күнге күрделеніп жатқандығын ескеру қажет.

Белгілі экономист Г.Ж.Попов ғылыми-техникалық прогресті «...басқару – өндірістік қатынастарға қатысушылардың мүдделері мен шынайы экономикалық заңдарды ескере отырып, қоғамдық еңбек үрдісіне ықпал ету арқылы жұмысшылардың еңбек тәртібін алға қойылған мақсатқа сәйкестендіруге бағытталған бағындырушы байланыс түрі», - деп есептейді [8, 164б].

Біздің ойымызша, бұл анықтама индустриалды-инновациялық үдерісті басқарудың жүйелік, жағдайлық және әлеуметтік әдістер тұрғысынан ерекше құбылысты (феноменін) ашып береді және оның мақсатқа сәйкестігін көрсетеді. Сонымен қатар, ғылыми анықтамалардың басым бөлігі секілді

біршама шартты сипатта болады да, жекелеген ережелерге қосымша түсініктеме берілуін талап етеді.

Басқару қатынастары әлеуметтік қатынастардың бір түрі ретінде әр түрлі субъектілердің қоғамдағы орнын және олардың қасиеттері мен ерекшеліктеріне қарай өзара байланысын сипаттайды. Бұл қоғамдық еңбек үрдісіне қатысушылардың мүдделері мен мінез-құлықтарын түзеуге және олардың қалыптасу процесіне әсер етуге мүмкіндік береді. Олай болса, басқару қатынастары себеп-салдарлық сипатқа ие. «Себептілік пен жүйелілік диалектикалық детерминизмнің мазмұнын толығымен жояды» [9, 186].

Сондықтан, басқару қатынастары экономикалық қажеттілік негізінде жүзеге асырылады және өзіндік мәні бойынша бір-біріне тәуелді құбылыстар арасындағы байланысты ашып көрсететіндіктен, бағындырушы қатынас болып табылады. Осы тұрғыдан алып қарағанда басқаруды бағындырушы байланыс түрі ретінде қарастыруға болады. Басқару қатынастарында белгілі бір мақсаттың болуы қажет. «Мақсат – басқару субъектісі мен объектісінің өзара қарым-қатынасын белгілейтін бастапқы нүкте.» [10,186]. Ал мақсаттың өзі басқару жүйесінің ұйымдастырушы, ынталандырушы және бақылаушы қызметтерін атқаратын бастапқы элементі. Өндірістік қатынастарды бастапқы негізгі әлеуметтік үрдіс ретінде еңбекке едәуір көңіл бөлінетін басқару нысаны деп анықтауға болады.

Өндірістік қатынастар әр түрлі объектілер (өндіріс, айырбас, бөлініс) бойынша көрініс табады. Басқару қатынастары өндірістік қатынастардың бір бөлігі ретінде осы қатынастарға қатысушылардың жүріс-тұрыстарын сипаттап, субъектілер туралы пікір қорытуға мүмкіндік береді. Алайда, өндірістік қатынастар болғанда ғана басқару қатынастары анықталады. Өзіндік мазмұны бойынша басқару қатынастары координациялық немесе инновациялық сипатқа ие бола отырып, өндірістік қатынастарды дамытудың негізгі көздерінің бірін құрайды.

Басқару қатынастары мүдделері әркелкі адамдарды басқаруға бағытталған тұрақты өзара іс-әрекеттердің нәтижесінде пайда болады. Сол себептен, басқару ұғымының анықтамасында оның әлеуметтік-экономикалық рөліне де назар аударылады. Басқару қатынастарының түрлерін мынадай үш топқа жіктеуге болады: ынтымақтастық – мұнда өзара әрекет етуші субъектілердің мүдделері бірдей болады; бәсеке (бақталастық немесе шиеленіс) – қатысушылардың мүдделері әр түрлі немесе бір-біріне қарама-қайшы болады; келісім (ымара) – қатысушылардың қатынастары бір-біріне жол беруге бағытталады.

Мемлекеттің рөлі туралы пікірлердің келесі даму кезеңіне А.Смиттің «Халықтар байлығының табиғаты мен принциптері туралы зерттеу» еңбегін жатқызуға болады. Ол өз еңбегінде «нарықтық күштердің еркін ойыны үйлесімді құрылысты қалыптастыратынын» атап өтті [11 136].

А.Смит мемлекеттің экономикаға араласу керектігін, дәлірек айтқанда, қоғамдық жұмыстардың орындалу барысы мен қауіпсіздігін әділ қамтамасыз

етуге, шаруашылық қызметпен айналысатын барлық субъектілерге қызмет секторын, бәсеке ортасын және сауда саласын еркін таңдауға жағдай жасау керек екенін мақұлдады.

Кейсиандық теория (Дж.Кейнс) бойынша, экономиканы дағдарыстан шығаруға шынайы мүмкіндік беретін еркін нарықтық механизмдер болмаған жағдайда мемлекет экономикаға белсенді түрде араласу қажет

Экономикалық реттеудің кейсиандық үлгісінің басты сипаттарына мыналар жатады:

- мемлекеттік бюджет арқылы үлестірілетін ұлттық табыстың үлесін жоғары ұстау;
- мемлекеттік және аралас кәсіпорындарды құру негізінде мемлекеттік кәсіпкерлік аумағын кеңейту;
- экономикалық конъюнктураны тұрақтандыру, циклдік ауытқушылықтарды реттеу, жұмыспен қамту деңгейі мен өсу қарқынын жоғары дәрежеде ұстау үшін бюджет-қаржы және несие-қаржы реттеуіштерін кеңінен пайдалану.

Экономика жоғары қарқынмен өскенде ғана кейсиандық үлгінің тұрақты нәтижелерге қол жеткізетінін айта кеткен жөн.

Неоклассикалық концепцияның ең басым түріне (Е.Бем-Баверк, Л.Вальрас, Б.Кларк, А.Маршал, А.Пигу, М.Фридман) айналған монетаризмге сәйкес ақша ұсынысы экономикалық тәртіпсіздіктің басты өзегі саналады, нарықтық экономика іштей тұрақтанады және экономикалық саясаттың міндеті ақша ұсынысының бірқалыпты өсу қарқынын ұстап тұруға ғана бағытталады.

Монетаристер мемлекеттің экономикаға араласу мәселесін қарастырғанда, бірінші кезекте, мемлекеттің әлеуметтік шығындарды азайту немесе шектеу керектігіне тоқталады.

Қоғам дамуындағы мемлекеттің рөлі туралы жоғарыда айтылған әр түрлі анықтамаларды зерделер болсақ, нарықтық экономикадағы әділеттілік қоғамның әр бір мүшесіне тиесілі бастапқы мәліметтердің бар болатынын және оның табысы қолындағы бар нәрсені жұмсау арқылы анықталатынын білдіреді.

«Нарық» ұғымының анықтамасы төңірегінде әлі күнге дейін пікірталас толастар емес. Біздің ойымызша, нарықтың біршама толық анықтамасы ретінде А.Е.Ковалевтің мына түсініктемесін келтіруге болады: «нарық – тауар-ақша қатынастарына, тауар өндірушілер арасындағы байланыстар жүйесіне және тауарлар мен қызметтерді сатып алу-сату арқылы олардың экономикалық мүдделерін анықтауға негізделетін, ерекше механизмі (сұраныс, ұсыныс, баға және бәсеке) бар күрделі құрылым» [12, 156].

Қазіргі таңда шаруашылық жүргізудің нарықтық механизмін құру және жұмыс істету принциптері туралы нақты көзқарас та қалыптаспаған.

Кемпбелл Р.Макконелл және Стенли Л.Брю нарықтық механизм принципін былайша түсіндіреді «...бұл нарықта әрекет ететін экономикалық

үлгілердің өзі...». Әрине, осындай бұлыңғыр түсініктеме шаруашылық жүргізудің нарықтық механизмінің мән-мағынасын ашып бере алмасы анық [13].

А.Абалкин шаруашылық жүргізудің нарықтық механизмі жағдайында экономиканы дамытудың келесі аспектілерін атап көрсетеді: «...нарықтық экономика жекелеген өңірлердің және халық дәстүрлері мен мәдениетінің өзіндік ерекшеліктерін ескеретін сан алуан формалар мен үлгілер түрінде көрініс табады; нарықтық механизм қаншалықты үлкен маңызға ие болса да, ол шаруашылық жүргізу үлгісінің толық сипаттамасын бере алмайды» [14].

Жалпы айтқанда, тауар-несие қатынастарын және меншік түрлерінің сан алуандылығын қамтамасыз ету, барлық тауарлардың сату бағасы сұраныс пен ұсыныстың тепе-теңдік бағасына сай белгіленетін еркін баға тәсілін қолдану, шаруашылық өмірдегі бәсекелестікті күшейту, өндірісті баға арқылы ынталандыру, монополизмді болдырмау, икемді және әрекетті инфрақұрылымды қалыптастыру – шаруашылық жүргізудің нарықтық механизмінің басты ерекшеліктерін құрайды [15].

Нарықтық экономиканың жағымсыз факторларына мыналар жатады: жеке тұлғалардың қолындағы нақты бастапқы ресурстар, негізінен, бірдей болмайды және нарықтағы бәсекелестер әрдайым қандай да бір этикалық нормалар мен ережелерді қатаң ұстана бермейді.

Нарықтық экономиканың төмендегідей түрлері кездеседі: нарықтық механизмнің талаптарына жауап беретін таза нарықтық экономика; компенсациялық механизмді қамтамасыз ететін әлеуметтік нарықтық экономика. Мұндағы шешуші ұғым – әлеуметтік әділеттілік. Әлеуметтік әділеттілік қоғамның өнімділігі жеткіліксіз немесе еңбекке қабілетсіз мүшелерін қажетті шарттармен қамтамасыз ету дегенге саяды.

Ғылыми-техникалық прогресті жеделдетуде ерекше өнімнің ғылыми-техникалық жобалары, озық технологияларды басқарудың қазіргі заманғы жүйесін жасаумен шұғылданатын ғылыми-зерттеу, конструкторлық және жобалық ұйымдары ерекше рөл атқарады. Қазақстан табиғи ресурстарды ғана пайдалана отырып дамитын емес, сондай-ақ өзінің зияткерлік капиталын да пайдаланып даму мүмкіншілігі бар елге айналатыны белгілі болып отыр. Мұның өзі дүниежүзілік бәсеке ғылыми-техникалық жобалардың өте жедел жүзеге асуын талап етеді. Сыртқы әлемдік ортада үздіксіз жүріп жатқан өзгерістер дүниежүзілік экономикадағы біздің елімізде орнын белгілейді, сондықтан инновациялық қызмет өмір сүрудің және дамудың маңызды факторына айналууда. Осыған байланысты туындайтын аса маңызды жайт - инновациялық қызметтің елдің экономикасының өсуін және экономиканың құрылымдық қайта құрылуын қамтамасыз ететін қуатты тұтқаға айналуы болып табылады [16,17].

Агроөнеркәсіпті индустриалды-инновациялық негізде дамытуды басқарудың алғышарттарын Қазақстанда аграрлық-индустриялық аймаққа жататын Оңтүстік Қазақстан облысының мысалында көруге болады.

Оңтүстік Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы саласы республикамыздың көп бағытты салалардың біріне жатады. Салаға 2015 жылы 28,5 млрд. теңге көлемінде мемлекеттік қолдау қаржы бөлініп, он ай мерзімінде оның 22,04 млрд теңгесі игерілді, немесе бұл көрсеткіш 2014 жылмен салыстырғанда 1,2 есеге артты.

Облыстың ауыл шаруашылығы жалпы өнім көлемі 2015 жылы 300,4 млрд.теңгені құрап, 2014 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 12,6 млрд. теңгеге артты, НКИ – 101,9%.

Ауыл шаруашылығының егіс көлемі 772,5 мың га жетті. Суармалы жерлердің көлемін 292,0 мың га ұлғайту іс-шарасы бойынша, ағымдағы жылы 29,0 мың га ұлғайту жоспарланып, 10 айда нақты 18,3 мың га суармалы жер жаңадан қосылды.

Сырдария өзенінің суын тиімді пайдалану мақсатынды «Сырдария өзенінің оң жағалауын игеру» бойынша зерделеу жұмыстарын жүргізіп, нәтижесінде 13,4 млрд. теңгені құрайтын 13 жоба есебінен 34,0 мың га жерді жаңадан қосу мүмкіндігі анықталып, іс-шара жоспары бекітілді.

Ағымдағы жылы дәнді және бұршақты дақылдар 255,0 мың га, майлы дақылдар 78,2 мың га, картоп 15,0 мың га, көкөніс 36,5 мың га, бақша 62,5 мың, мал азықтық дақылдар 225,6 мың га, мақта 99,2 мың га орналастарылып, есеп беру айында 59,3 мың тонна майлы дақыл, 839 мың тонна көкөніс, 1301 мың тонна бақша, 248,2 мың тонна мақта, 36,1 мың тонна жеміс пен 30,5 мың тонна жүзім жиналды.

Республикалық үлеске шаққанда алынған өнім бойынша мақтаның 100%, жүзімнің 70%, бақшаның 64%, мақсарының 38%, жеміс-жидектің 36%, көкөністің 23% Оңтүстік Қазақстан облысы үлесінде. Облыста жеміс-көкөніс сақтау қоймаларының сыйымдылығы 210,0 мың тоннаны құрады.

Облыста, қарқынды бау шаруашылығын дамыту іс-шарасы аясында, 5950 га жеміс-жидек, оның ішінде 685 га интенсивті бау егіліп, жеміс-жидектің көлемі 22,4 мың га, оның ішінде, интенсивті бау 1741 га құрады.

2015 ж. бастап қарқынды бау шаруашылығына қажетті көшеттермен облыстың шаруалары толық қамтамасыз етілді. Іс-шараға сәйкес 2016 жылға дейін облыста баудың көлемі 26,0 мың га, оның ішінде, интенсивті баулар 2,1 мың га жеткізілетін болады. Тамшылатып суғару әдісі 9,7 мың га ендіріліп, жалпы көлемі 43,7 мың га жетті (республикалық көрсеткіштің 72%). Жылыжайлардың көлемі 111 гектарға ұлғайып, жалпы көлем 1021 га жетті (республикалық көрсеткіштің 87%).

Терең қопсыту технологиясы 97,0 мың га ендіріліп, 3 есеге артты. Ет өндіру 105,0% (160,6 мың тонна), сүт – 102,0% (605,2 мың тонна), жұмыртқа – 106,3%-ға (249,0 млн. дана) артты.

«Сыбаға» бағдарламасы бойынша 16600 бас аналық ірі қара мал алу жоспарланып, жыл басынан 18,8 мың бас сатып алынып, жоспар 113,5%

құрады. Бүгінгі күні тұқымдық түрлендіруге 52,5 мың бас аналық қатысуда, үлесі 19,5%.

«Алтын асық» бағдарламасы бойынша 2015 жылы 20 мың бас ұсақ мал алу межеленіп, 10 айда 42,3 мың бас мал алынды.

«Құллан» бағдарламасы аясында 2680 бас жылқы алу межеленіп, 2015 жылы 3894 бас алынды немесе 145,3%-ды құрады.

2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Ауыл шаруашылығы кооперациялары» мен «Ауыл шаруашылығы кооперативтері мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңдары күшіне еңбек. Бұл заңдармен ауыл шаруашылығы кооперативтерінің статустары коммерциялық емес жүйесінен коммерциялық жағдайға өту және ауыл шаруашылығы кооперативінде табысты бөлу, жыл сайынғы ішкі аудитты өткізу үшін ревизиялық бірлестіктерге кіру мүмкіндігі, демократиялық принциптерін сақтау, өз мүшелеріне тауарды өзіндік құн есебімен сату принципі, ауыл шаруашылығы кооперативтеріне арнайы салық режимін қолдану және кооперативтердің ішкі аудит құнын 50%-ға дейін субсидиялау мүмкіндіктері қарастырылған.

Кооперацияның дамуын ынталандыру үшін Министрлік кооперативтер үшін субсидиялау нормативтерін жоғарылату бойынша қолданыстағы агроөнеркәсіп кешеніндегі субсидиялау механизмін қайта қарастыруда.

Сондай-ақ, Министрлік «КазАгро» АҚ-мен бірлесе ауыл шаруашылығы кооперативтерін жеңілдетілген несиелеу бағдарламасын әзірледі жоспарлап отыр. Өткен жылдары ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі қолданыстағы субсидиялардың тиімсізділігіне бірнеше рет көңіл бөлді. Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау көлемі соңғы 7 жыл ішінде 3,5 есе өсіп, 2014 жылы 146,6 млрд. теңгені құрады (2008 жылы - 41,4 млрд. теңге). Бұған қоса, ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемінің өсімі мемлекеттік қолдау көлемінен баяу өсуде.

Бұл кейбір субсидиялардың ынталандыру тиімділігінің төмендігімен байланысты. Бұған өсімдік шаруашылығындағы гектарға берілетін және мал шаруашылығындағы өнімділікті жоғарылату субсидиялары жатады. Осы субсидиялар өнім тиімділігіне қарамастан егіс алқаптары мен өндірілген өнімге төленеді.

Осыған байланысты индустриалды-инновациялық негізде жұмыс істеуге байланысты жоғарыда аталған субсидиялар түрін қысқартып, осы қаражат көлемін тиімді субсидияларға бағыттауға шешім қабылданды. Мемлекет басшының тапсырмасына сай Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрлігі ғылыми ұйымдар қызметтеріне бизнес-ассоциациялардың шығындарын субсидиялау механизмін әзірледі. Енді, бизнесті ғылыми зерттеулерді бірлесе қаржыландыруға ынталандыру үшін Министрлік ғылыми зерттемелерде қатысатын бизнеске субсидия бөлуді жоспарланып отыр. Яғни, ғылымның дамуына қаражат қосқан және нәтижелерді өндірісте қолданған бизнес өкілдеріне субсидия беріледі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсу, реформалар, даму». Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. Егемен Қазақстан, 1 желтоқсан, 2015 жыл.
2. Назарбаев Н.Ә. «100 нақты қадам». Егемен Қазақстан, 20 мамыр 2015 жыл.
3. «Қазақстан Республикасының үдемелі индустриялық-инновациялық дамуының 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы». Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 958 Жарлығы.
4. «Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясы туралы». Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 17 мамырдағы N 1096 Жарлығы // САППРК-2003-№23-24-Б. 217.
5. «Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын іске асыру жөніндегі одан арғы шаралар туралы». Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 15 тамыздағы № 1165 Жарлығы.
6. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ». Қазақстан Республикасының Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. Егемен Қазақстан, 18 қаңтар, 2014 жыл.
7. «Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2013-2020 жылдарға арналған «Агробизнес-2020» бағдарламасын бекіту туралы». Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 ақпандағы №151 қаулысы.
8. Попов Г.Х. Управление экономикой. – Москва, изд-во «Мысль», 1982. - С. 164-168.
9. Заводский И.С. Управление сельскохозяйственным производством.- Киев. Высшая школа, 1984. - С.18-20.
10. Шахмалов Ф. Основы теории государственного управления. – Москва: Экономика, 2003. - С. 18-20.
11. Варга В. Роль государства в рыночном хозяйстве //МЭ и МО. – 1992. - №11. - С. 131-138.
12. Ковалев А.Е. и другие. Научные основы формирования и развития агрорынка Казахстана. – Алматы: КазГОСИНТИ, 1993. - С.15-18.
13. Кэмпбелл Р., Стэнли Л.Брю. Экономикс. Принципы, проблемы и политика. Т.1. – Баку: Азербайджан, 1992. - С. 21.
14. Абалкин Л. Размышления о стратегии и тактике экономической реформы //Вопросы экономики. - 1993.- №4. -С.5.
15. Мырзалиев Б.С. Кәсіпорынның инновациялық қызметі. Оқу құралы. –Алматы: «Нұрлы Бейне», 2014.-332 бет.
16. Abylkasymov Y.T., Mirzaliyev B.S. Prospects of agricultural management on the basis of creation of the Kazakhstan innovative venture system

in agroindustrial complex (Management of industrial-innovative development of the agroindustrial complex). Life Science Journal, 2014; 11(4) //http://www.lifesciencesite.com/http://www.lifesciencesite.com/lj/life1104/060_24253life110414_433_437.pdf

17. *Shelomentseva V.P. and Amirova M.A.* 2013. Developing the Information Infrastructure of Agro-Industrial Complex In the Republic of Kazakhstan. Middle East Journal of Scientific Research, 14(8): 1103-1107.

REFERENCES

1. *Nazarbaev N.A.* «Kazakstan zhana znahandyk nakty ahualda: osu, reformalar, damu». Kazakstan Respublikasy Prezidentinin Kazakstan halkyna zholdauy. Egemen Kazakstan, 1 qeltoksan, 2015 zhyl.

2. *Nazarbaev N.A.* «100 nakty kadam». Egemen Kazakstan, 20 mamyr 2015 zhyl.

3. «Kazakstan Respublikasynyn udemeli industrialyk-innovasiyalyk damuynyn 2010-2014 zhyldarga arnalgan memlekettik bagdarlamasy». Kazakstan Respublikasy Prezidentinin 2010 zhylgy 19 nauryzdagy № 958 Zharlygy.

4. «Kazakstan Respublikasynyn industrialyk-innovasiyalyk damuynyn 2003-2015 zhyldarga arnalgan strategiasy turaly». Kazakstan Respublikasy Prezidentinin 2003 zhylgy 17 mamyrdagy N 1096 Zharlygy // САПП РК- 2003- №23-24- Б.217.

5. *Kazakstannyn 2030 zhylga deingi Damu strategiasyn iske asyru zhonindegі odan argy sharalar turaly*. Kazakstan Respublikasy Prezidentinin 2003 zhylgy 15 tamyzdagy № 1165 Zharlygy.

6. *Nazarbaev N.A.* «Kazakstan zholy – 2050: Bir maksat, bir mudde, bir bolashak». Kazakstan Respublikasy Prezidentinin Kazakstan halkyna zholdauy. Egemen Kazakstan, 18 kantar, 2014 zuyl.

7. «Kazakstan Respublikasynda agroonerkasiptik keshendi damyту zhonindegі 2013-2020 zhyldarga arnalgan «Agrobiznes - 2020» bagdarlamasyn bekitu turaly». Kazakstan Respublikasy Ukimetinin 2013 zhylgy 18 akpandagy № 151 kaulysy.

8. *Popov G.H.* Upravlenie ekonomikoi. – Moskva, isd-vo «Misl»,1982. – S. 164-168.

9. *Zavodskii I.S.* Upravlenie sel'skohoziastvennym proizvodstvom. – Kiev. Vysshaya shkola, 1984. – C. 18-20.

10. *Shahmalov F.* Osnovy teorii gosudarstvennogo upravleniya. – Moskva: Ekonomika, 2003. – S. 18-20.

11. *Varga V.Rol' gosudarstva v rynochnom hoziastve // ME i MO.* – 1992. - № 11. – S. 131-138.

12. *Kovalev A.E. i drugie.* Nauchnye osnovy formirovaniya i razvitiya agrorynka Kazakstana. - Almaty: KazGOSINTI, 1993. - C.15-18.

13. *Kempbell R., Stenli L.Briu.* Ekonomiks. Prinsipy, problemy i politika. T.1. – Baku: Azerbaidzhan, 1992. - C. 21.

14. *Abalkin L.* Razmyshlenia o strategii i taktike ekonomicheskoi reformy // Voprosy ekonomiki. – 1993. - № 4. - S. 5.

15. *Myrzaliyev B.S.* Kasiporynnyn innovasiyalyk kyzmeti. Oku kuraly. – Almaty, «Nurli Beyne», 2014.-332 bet.

16. *Abyllkasymov Y.T., Mirzaliyev B.S.* Prospects of agricultural management on the basis of creation of the Kazakhstan innovative venture system in agroindustrial complex (Management of industrial-innovative development of the agroindustrial complex). Life Science Journal, 2014; 11 (4) //http://www.lifesciencesite.com/http://www.lifesciencesite.com/lcj/life1104/060_24253life110414_433_437.pdf

17. *Shelomentseva, V.P. and M.A. Amirova,* 2013. Developing the Information Infrastructure of Agro-Industrial Complex In the Republic of Kazakhstan. Middle East Journal of Scientific Research, 14(8): 1103-1107.

Мырзалиев Бораш Смайұллы – экономика ғылымдарының докторы, профессор, Ахмет Ясауи университеті, Түркістан қ., e-mail: borash2006@mail.ru

Қалиева Ұлбасын – магистрант, Ахмет Ясауи университеті, Түркістан қ., e-mail: B2Kaliyeva@qmail.com

ӘОЖ 37.013.42 (574)

Г.Г.ЕРКИБАЕВА

ТЕХНОЛОГИЯ САБАҒЫНДА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Мақалада ақпараттық технология туралы мәлімет берілген. Білім беру үдерісінде ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыға оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үдерісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарылатуға болады. Ақпараттық технологияларды оқытудың «технология» пәніндегі маңызы зор. Сондықтан, оқу бағдарламасын жүйелеу басты мәселе болуы қажет.

Тірек сөздері: ақпараттық технология, білім беру үдерісін ақпараттандыру, «технология» пәні, оқу үдерісі.

Г.Г.Еркибаева

Значение использования информационных технологий на уроках технологии

В статье даются сведения об информационных технологиях. С помощью использования в учебном процессе информационных технологий можно добиться развивающегося обучения, добиться цели личностно-ориентированного обучения, можно повысить все уровни и качество учебно-воспитательного процесса. Использование информационных технологий на уроках технологии особенно важно. Поэтому систематизация учебной программы должна стать важной проблемой.

Ключевые слова: информационные технологии, информатизация учебного процесса, предмет «технология», учебный процесс.

G.G.Erkibayeva

The importance of using information technologies in the technology classes

The article provides information about information technology. Using of information technology in the educational process developing teaching, the objective student-centered education can be achieved and all levels and the quality of the educational process can be increased. The usage of information technology in the classroom technology is particularly important. Therefore, the systematization of the educational program should be an important issue.

Keywords: information technology, informatization of educational process, “technology” subject, educational process.

Anahtar Kelimeleri: bilgi teknolojisi, eğitim sürecinin bilgisayarlaşma, "teknoloji", eğitim, süreci konusu.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2012 жылғы 27-қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту - Қазақстан дамуының басты бағыты» атты жолдауында: «Тұрғындардың компьютерлік сауаттылығын, соның ішінде әртүрлі ынталандырушы бағдарламалардың есебінен де көтеру қажет. Мен қазақстандықтарды ақпараттық технологияларды белсендірек игеруге шақырамын», - деп, қазіргі таңдағы білім беру жүйесі жаңа педагогикалық технологиялар мен ақпараттық құралдардың кеңінен қолданылуын қажет ететінін атап көрсеткен [1,156]. Демек, оқу-тәрбие үдерісінде жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану заман талабынан туындап отыр.

Білім беру үдерісін ақпараттандыру бұл жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыға оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үдерісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарылатуды көздесе, білім беруді ақпараттандыру - бұл танымдық іс-әрекетті қайта құру үшін және білімгерлердің интеллектуалдық мүмкіндіктерін күшейтуге арналған жағдайды құру мақсатында микропроцессорлық техника мен ақпараттарды тарату құралдарының, сондай-ақ осы құралдарға негізделген педагогикалық технологияның базасында ақпаратты жинау, өңдеу, тарату және сақтау әдістері мен құралдарын педагогикалық тәжірибеге жаппай енгізу болып табылады.

Білім берудегі қазіргі ақпараттық технологиялар – адамзаттың интеллектуалдық жетістіктерін өзіне жинақтаған және адамзаттың интеллектуалдық қызметін, оның ішінде, білім беруді, кәсіби мамандарды даярлауды шынайы күшейтуге қабілетті құрал.

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі - білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін жағдайлар жасау керек екенін көрсеткен [2]. Солардың бірі білім беруді ақпараттандыру барысында дидактикалық және оқыту құралы болып компьютер саналады. Қазіргі таңда, әрбір жеке тұлға үшін компьютерді және ақпараттық технологияларды игеру, оқу мен жазу қабілеті сияқты әрбір адам үшін қажетті шартқа айналды.

Қазіргі таңда ақпараттық технологиялар қоғамның ажырамас бөлігіне айналғандай. Компьютерсіз қазіргі қоғамды елестету мүмкін емес. Себебі, барлық салада компьютердің рөлі үлкен маңызға ие. Қоғамға дайын, ақпараттық мәдениеті қалыптасқан тұлғаларды дайындау - бүгінгі күннің басты мәселелерінің бірі.

Ақпараттық технологиялар арқылы білім беру мәселесі әлемдік ғалымдар еңбектерінде орын алған. Атап айтсақ, ағылшын (Ф.Баррон,

Д.Харрингтон; И.Роберт), американдық (К.Роджерс), неміс (М.Хайдегер, А.Камю, Ж.Сартр) еңбектерінде [3; 4; 5; 6].

Олай болса, технология пәнінде ақпараттық технологияны оқытуды басты назарға алуымыз қажет.

Білім беру саласында ақпараттық технологияларды пайдалану және оны оқыту арқылы білімнің сапасын арттыру жүзеге асырылып жатыр. Оқытудың тиімділігі мен нәтижелілігі бірнеше оқу-әдістемелік, психологиялық-педагогикалық мәселелердің шешімін ғылыми түрде негіздеуді талап етеді. Оларды бірнеше бағыттарға бөлуге болады:

- «технология» пәнін оқыту үрдісінде ақпараттық технологияларды оқытудың жүйелі ғылыми-әдістемелік жолын анықтау;
- оқушылардың тәжірибелік іс-әрекетінде ақпараттық технологияларды оқытудың әдістемесін жасау;
- мұғалімдердің ақпараттық технологияларды меңгеру және оқу үрдісінде пайдалану бойынша кәсіби біліктерін жетілдіру;
- оқушыларды білім, білік, дағдыны меңгеру үшін ақпараттық технологияларды пайдалануға үйрету.

Қазіргі уақытта оқушыларға сапалы білім беруде және оның кәсіби дағдысын қалыптастыруда компьютердің атқаратын рөлі ерекше. Мұғалімнің кәсіптік деңгейі мен оқушылардың қызығушылығын арттыруда бірден-бір құрал - компьютер. Оқу үрдісінде компьютерді оқып-үйрену нысаны ретінде, сонымен бірге оқыту, тәрбиелеу, дамыту мен оқытудың мазмұнын меңгеруді диагностикалау құралы ретінде әрекет етеді. Мұның өзі ақпараттық технологияларды пайдаланудың екі бағыты бар екендігін анықтауға мүмкіндік береді.

Бірінші бағыт тұрғысынан алып қарасақ, ақпараттық технологиялар білім, білік, дағдыны игеру үшін қажетті ресурс болып табылып, оқушылардың саналы тәрбие, сапалы білім алуына жағдай жасайды, ал **екінші бағыт** тұрғысында ақпараттық технологиялар оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру тиімділігін арттырудың қуатты құралы болып табылады [7].

Сондықтан, заман талабына сай, білімді мамандарды даярлау үшін тек білім мазмұны мен оқыту әдістерін ғана емес, ақпараттық технологияларды кеңінен үйрету арқылы оқытушылардың білімін жетілдіру керек.

Ақпараттық технология элементтерін оқыту арқылы біз:

- жаңа ақпараттық қоғамға қажетті мамандар даярлауға;
- жаңа ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды еркін меңгерген тұлғаны қалыптастыруға;
- жаңа ақпараттық технологияны қолдану саласы бойынша оқушылардың мамандыққа баулу механизмін құруға;
- біздің еліміздегі және шет елдердегі жинақталған ақпараттық ресурстарға жедел және еркін енуге;

- мультимедиялық электрондық оқулықтарды, виртуальдық лабораторияларды және бақылау бағдарламаларын жасақтап, қамтамасыз етуге қол жеткізе аламыз.

Біздің пайымдауымызша, ақпараттық білім беру төмендегідей біліктіліктерге сүйенеді:

- ақпараттық ұғымдар мен пайымдарға сүйену;
- тұжырым жасай алу, дәлелді пікір айта білу, ақпараттық категориялар мен көрсеткіштерді пайдалана білу;
- оқуда және өз қызметтеріне компьютерлік техниканы еркін пайдалана білуге үйрету;
- ақпараттық технологияның мүмкіндіктерін игеру;
- өзіндік оқу мен өзіндік іс-әрекеттің қалыптасуына әсерін бағалай білу;
- практикалық іс-әрекеттерге байланысты түрлі мәселелерді шешудің тиімді тәсілдерін таба білу [8, 27 б].

Сонымен бірге, орта мектептің 10-11 сыныптарынан бастап орта және бастауыш кәсіптік білім беру мекемелерін бітіргендердің психологиялық және физиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, ақпараттық білім, білік және біліктілік дағдыларын меңгерудегі белсенділіктерін арттыру жұмыстарын жүргізген орынды.

Ақпараттық білімді қалыптастыру төмендегі мәселелерге:

- тәрбиенің мақсатына болашақтағы және ақпараттық қоғамның саясаты мен міндеттері;
- оқушылардың ақпараттық мәдениетіне, қалыптастыру жүйесіне; мектептің, орта және бастауыш кәсіптік білім беру мекемелерінің материалдық-техникалық базасына;
- оқушылардың жас ерекшеліктеріне;
- оқушылардың кәсіби деңгейін анықтай білу қабілеттеріне;
- педагогтардың информатикадан білім деңгейлеріне және шеберліктеріне, тәрбие бағытының ақпараттық қоғам бағыты мен өзара байланысына тәуелді [9].

Аталған тәуелділіктерді ескере отырып, оқушыларды қазіргі мамандықтың түрлеріне дайындау барысында білім мазмұнын тандап беру - бүгінгі күннің көкейкесті мәселелердің біріне айналып отыр.

«Технология» пәнін оқыту барысында ақпараттық технологияларды 8-сыныптан бастап оқытады. Бағдарламада «Ақпараттану технология элементтері» деген тақырып өтіледі. Осы тақырыпты оқытудың негізгі мақсаты: 8-сынып оқушыларына ақпараттық технологияна өзіндік даму мен оны іске асыру құралы ретінде пайдалануды үйрету болып табылады.

10-11 сынып оқушыларына болса бұл білім әртүрлі жеке курстар арқылы оқытылып, кәсіптік бағдар ретінде информатика курсының мазмұнын толықтыра түседі.

Бұл мәселе бүгінгі таңда компьютерлік дизайн, web-дизайн, жүйелік бағдарламашы, әкімгер (әкімші) мамандардың қажеттілігі мен және т.б.

себептермен түсіндіріледі. Сондықтан да, «технология» пәнін оқыту барысында ақпараттық технологияны оқытудың маңызы зор [10].

Сол үшін «Технология» пәнінің оқу бағдарламасын жүйелеу - басты мәселе болуы қажет.

Бағдарламада төмендегі тәсілдерді пайдалануды мұғалім басты назарына алса:

1. Ғылыми дүниетаным негіздерін қалыптастыру.

Бұл жағдайда, ең алдымен: әлемнің қазіргі кездегі ғылыми бейнесі құрылатын, ғылымның үш негізгі ұғымдарының: зат, энергия, ақпараттың біреуі ретіндегі ақпарат туралы түсінікті қалыптастыру туралы; табиғаты әртүрлі өзін-өзі басқару жүйелерінің құрылысы және жұмыс істеуінің ақпараттық принциптерінің бірлігі туралы әңгімелер өткізу.

2. Ақпаратпен жұмыс істеудің жалпы оқулық және жалпы мәдени дағдыларын қалыптастыру.

Мұнда ақпарат көздерін сауатты қолдану икемділігі, ақпараттың дұрыстығын бағалау, ақпарат пен білімнің байланысы, ақпараттық процестерді дұрыс ұйымдастыру икемділігі, ақпараттық қауіпсіздікті бағалау туралы мәселелер назардан тыс қалмауы керек.

3. Оқушыларды мамандыққа дайындау.

Мамандыққа көзқарастың өзгеруіне және экономикадағы ақпараттық сектор үлесінің өсуіне байланысты оқушыларды ақпаратты өңдеумен шұғылданатын іс-әрекеттің әртүрлі саласына дайындау қажет болып отыр. Бұл ақпараттандыру және ақпараттық технологиялар құралдарын меңгеруді өзіне қосып алады. Басқару саласында алғашқы дайындықтың қажеттігін ерекше атап көрсеткеніміз жөн. Көптеген технологияға байланысты дамыған елдер мұнда мемлекеттік және экономикалық дамудың табысты кепілін көретіні белгілі.

4. Ақпараттық және коммуникациялық технологияларды меңгеру үздіксіз білім беру жүйесіне өтудің қажетті шарты ретінде.

Жасөспірімдерді еңбекке және кәсіпке баулу адамзат қоғамының даму кезеңдерінің барлығында жүргізіліп келеді. Егер өтіп бара жатқан ұрпақ өзін алмастыратын келесі ұрпаққа өзінің тәжірибесін бермесе, оларды тәрбиелемесе, еңбекке баулымаса, онда қоғамның өмір сүру жағдайының сақталуы мен дамуының болмауы мүмкін болар еді. Сол себепті еңбекке басты назар аударылады.

Қазақстан Республикасының орта білім стандартында, “Технология” білім саласында оқушыларды еңбекке және кәсіпке дайындауға сай стандарт талаптары: жалпы білім беретін орта мектеп бітірушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар («оқушылар мынаны білуге тиіс (немесе оқушылар білуі)», «оқушылар мынаны орындауға тиіс (немесе оқушылар орындауы тиіс)»), ал орта (толық) білім бойынша мектеп бітірушілер дайындығының деңгейіне сәйкес талаптар («оқушылар білуі тиіс», «оқушылар орындауы тиіс») деген ұғымдар ажыратылып белгіленген.

Қазіргі білім беруде қолданыстағы “Технология” білім саласының міндеттері:

- оқушыларды өзіндік практикалық іс-әрекетпен жаңаны жасау, өзіндік жүзеге асыру ұмтылысын қаруландыру;

- қазіргі заман өндірісінің технология, экономика, ұйымдастыру және экология саласындағы технологиялық мәдениетті және жалпыенбектік білім мен ептілікті игеруін, оның даму перспективалары жөнінде түсінікті қалыптастыруды қамтамасыз ету;

- адамгершілік-енбектік сапаны, кәсіпті тандау және еңбек сүйгіштік қоғамдық-құнды мотивтерді тәрбиелеу.

Бұл міндеттерді шешу, жүзеге асыру - оқу-тәрбие процесінде оқушылардың технологиялық дайындығын ұйымдастыруда оқытудың қазіргі заманғы педагогикалық технологиясын және дамыта оқыту әдістерін тиімді пайдалануда болып табылады. Оның ішінде білім мазмұны бағдарламадағы оқу материалдарының толық мәнді көрсетілуіне байланысты болады.

«Технология» оқу пәнінің бағдарлама мазмұны төмендегідей оқу материалдарынан тұрады және олар теориялық мағлұматтар құрамын көрсетеді:

- графикалық және бейнелеу сауаттылығы;

- еңбекті ұйымдастыру мен жоспарлау;

- техника (құрал-жабдықтар және т.б.);

- технологиялық процестер;

-технологиялық процестер мен іс-әрекет барысында болатын экологиялық қасиет мағлұматтары (жұмысты орындаудағы әдістер мен тәсілдер; көркем өңдеу түрлері, әшекейлеу, әрлеу);

- материалдар жөніндегі негізгі мағлұматтар;

- экономикалық білім элементтері;

- бақылау және өзіндік бақылау.

Мұндай оқу материалдарының құрамы бағдарламаның базалық бөлігін құрайды.

Бағдарламаға сәйкес практикалық іс-әрекеттерді төмендегідей етіп елестетуге болады:

- графикалық, бейнелеу жұмыстарын орындау;

- өлшемдерді анықтау;

- еңбек объектісін тандау мен іс-әрекетті жоспарлау;

- технологиялық процестерді еңбекті қорғау талаптарына және үнемділік принципіне сәйкес орындау;

- өзіндік және бұйым сапасын бақылау.

Ақпараттық технология элементтерін оқытуда теориялық мағлұматтар құрамын төмендегідей көрсетуге болады:

-графикалық және бейнелеу сауаттылығы болуы, еңбекті жоспарлау, техника (компьютер), технологиялық процестер, технологиялық процестер мен іс-әрекет барысында болатын экологиялық қасиет мағлұматтары

(жұмысты орындаудағы әдістер мен тәсілдер; көркем өңдеу түрлері), бақылау және өзіндік бақылау [11; 12].

Ақпараттық технология элементтерін оқытуда практикалық мағлұматтар құрамын төмендегідей көрсетуге болады:

- графикалық, бейнелеу жұмыстарын орындау;
- өлшемдерді анықтау;
- еңбек объектісін таңдау мен іс-әрекетті жоспарлау;
- технологиялық процестер;
- өзіндік және жұмыс сапасын бақылау.

«Технология» пәні бағдарламасы мазмұнындағы теориялық мағлұматтар мен практикалық іс-әрекеттер бағдарлама мазмұнында ғана қамтылып қоймай, сондай-ақ, оқу процесінде оқыту технологиясына, әдістемесіне байланысты ашылады.

«Технология» пәнінің мазмұны - адамның кәсіби іс-әрекет түрлерін оқытатын болғандықтан, міндетті түрде кәсіп саласы, мамандық түрі жөнінде мағлұматтарды қамтиды.

Оқушыларды еңбекке дайындауды жүзеге асыру - олардың қазіргі дамыған өндірістің ғылыми-техникалық негізінің кең ауқымды дүниетанымын игеруіне, өндіріс пен ғылым негіздерінің байланысын іске асыруына, қолөнер шеберлері мен қазіргі өндіріс жұмысшыларының қызметін ұғынуына, меңгеруіне мүмкіндік береді.

«Технология» пәнінде ақпараттық технология элементтерін оқыту жүйелі қалыптаспаған. Ақпараттық технология элементтерін жүйелі оқыта білсек, біз қоғамға қажетті, тек компьютерлік сауатты емес, белгілі бір кәсіпке бейім (Adobe Photoshop бағдарламасын үйрету арқылы фотограф мамандығына, Corel DRAW бағдарламасын үйрету арқылы дизайнер, журналист мамандығына, Автокад бағдарламасын үйрету арқылы архитектор, құрылысшы мамандығына, Woody бағдарламасын үйрету арқылы жиһаз жасаушыға, Grafis бағдарламасы арқылы тігіншілерді дайындауға т.с.с) тұлғаны қалыптастыруға болады. Егер, біз, тек еңбек қабілеттілігін емес, сондай-ақ оны компьютермен байланыстырсақ, ақпараттық технология элементтерін технология пәнінің бағдарламасына жүйелі етіп енгізіп, оны оқытуды дұрыс жүзеге асыра білсек, онда қазіргі таңда технология пәніне немқұрайлы қарайтын оқушылардың қызығушылығы артып қана қоймай, біздің пәнге деген көзқарас жақсы болар еді деп ойлаймыз.

Ақпараттық технология элементтерін оқытуда оқушыларға бағдарламаға еңбек объектісінің эскиздерін алдын-ала дұрыс өлшеммен сызып алуға, әртүрлі түстерді таңдап, оларды анықтап алу жұмыстарын үйретуге болады.

Қазақстан Республикасында білім беруді 2020 жылға дейін дамытудың Мемлекеттік бағдарламасында ақпараттық және коммуникативтік технологияны

білім беру жүйесін жеделдетіп дамытуға қолдану негізгі міндеттердің бірі ретінде анықталды.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияны бәсекеге қабілетті ұлттық білім беру жүйесін дамытуға және оның мүмкіндіктерін әлемдік білімдік ортаға енудегі сабақтастыққа қолдану негізгі мәнге ие болып отыр.

Білім беруді ақпараттандыру, білім салаларының барлық қызметіне ақпараттық технологияны енгізу және ұлттық модельді қалыптастыру - қазақстандық білім беруді сапалы деңгейге көтерудің алғы шарты.

Аталған бағыттарды дамыту үшін құқықтық-нормативтік, материалдық-техникалық, ғылыми-әдістемелік және ақпараттық жағынан қамсыздандыру педагог мамандарды даярлаудың негізгі бағыттарының біріне айналып отыр.

Оқыту процесі: оқытудың мақсаты мен міндеттері → оқыту мазмұны → оқыту әдістері → оқытуды ұйымдастыру формалары → оқыту нәтижесі сияқты компоненттерден тұрады деп қарастырсақ, онда бұл компоненттерді бір-бірінен бөліп қарастыруға болмайды. Осыдан оқытуды ұйымдастыру формалары мен әдістері - оқу процесінің негізгі элементтері екендігін көруге болады.

Қазіргі жағдайда компьютерлік технология адамзат тіршілігінің барлық бағытына енген, олар біздің де зерттеуімізге аса қызығушылық туындатады. Компьютерлік технология деп қазіргі есептеу техникасы мен бағдарламалық тұрғыда қамтамасыздандыратын құралдарды пайдалану арқылы адамзат әрекетінің барлық түріндегі ақпаратты өңдеуге байланысты жобаланып, жасалған процесті жүйелі бірзділікті қолдануды айтады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту - Қазақстан дамуының басты бағыты» Ел президентінің халыққа жолдауы, 2012 ж.
2. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы. 2007 ж.
3. Barron F., Harrington D. Pedagogical Testing: Problems, Confusion, Prospects – Cambridge: Cogito-CENTR, 2001. - 142 p.
4. Robert I.V. Contemporary information technologies in education: didactic problems, perspectives of use. – London, 2004. P.205
5. Rodgers K. Freedom to learn: a view of what education might lesson. - Columbus: Ohio, 1969. – 178 p.
6. Heidegger M., A. Camus, Sartre J. Issues of Pedagogy. - Munich, 2008. - 564 S.
7. Міндетбаева А. Информатика теориясын оқытудың әдістемесінен кешен. – Түркістан, 2012 ж.
8. Халықова К.З., Абдулқәрімова Г.А. Педагогикалық информатика /білім беруді ақпараттандыру. – Алматы, 2007 ж.
9. Өстеміров К. Технология пәнін оқыту әдістемесі. – Алматы, 2008 ж.

10. *Ортаев Б.* Технология пәнін оқыту әдістемесінің жалпы мәселелері. – Шымкент, 2010 ж.
11. Жалпы білім беретін мектептің 5-9 сыныптарына арналған «Технология» оқу бағдарламасы. – Астана, 2010. – 50 б.
12. Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11-сыныптарына арналған «Технология» оқу бағдарламасы. – Астана, 2010. – 34 б.

REFERENCES

1. *Nazarbayev N.A.* «Aleumettik-ekonomikalyk zhangyrtu - Kazakhstan damuynyn basty bogyty» El prezidentinin khalykka zholdauy, 2012 zh.
2. *Kazakhstan Respublikasynyn Bilim turaly Zany.* 2007 zh.
3. *Barron F., Harrington D.* Pedagogical Testing: Problems, Confusion, Prospects – Cambridge: Cogito-CENTR, 2001. - 142 p.
4. *Robert I.V.* Contemporary information technologies in education: didactic problems, perspectives of use. – London, 2004. P.205
5. *Rodgers K.* Freedom to learn: a view of what education might lesen. - Columbus: Ohio, 1969. – 178 p.
6. *Heidegger M., A. Camus, Sartre J.* Issues of Pedagogy. - Munich, 2008. - 564 S.
7. *Mindetbayeva A.* Informatika teoriyasyn okytudyn adistemesenin keshen. – Turkistan, 2012 zh.
8. *Khalykova K.Z., Abdulkarimova G.A.* Pedagogikalyk informatika/bilim berudi akparattandyru. –Almaty, 2007 zh.
9. *Ostemirov K.* Tekhnologiya panin okytu adistemeci. – Almaty, 2008 zh.
10. *Ortayev B.* Tekhnologiya panin okytu adistemeginin zhalpy maseleleri. – Shymkent, 2010 zh.
11. Zhalpy bilim beretin mekteptin 5-9 synyptaryna arналған «Tekhnologiya» оқу бағдарламасы. – Астана, 2010. – 50 б.
12. Zhalpy bilim beretin mekteptin kogamdyk-gumanitaryk bagytagy 10-11-synyptaryna arналған «Tekhnologiya» оқу бағдарламасы – Астана, 2010. – 34 б.

Еркибаева Гүлфайруз Ғинаятқызы– педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ахмет Ясауи университеті, Түркістан қ., e-mail: professor-erkibaeva@mail.ru

УДК 372.652 104 4

М.М.АКЕШОВА, Н.М.АКЕШОВА

ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ КОМПЕТЕНТНОСТЬ ПРЕПОДАВАТЕЛЯ ВЫСШЕГО УЧЕБНОГО ЗАВЕДЕНИЯ

Статья посвящена актуальной на сегодняшний день теме профессиональной компетенции преподавателя ВУЗа, в ней раскрываются такие понятия как компетентность и компетенция. Основными показателями профессиональной компетентности преподавателя ВУЗа являются умение использовать в практической деятельности профессиональные психолого-педагогические знания в зависимости от педагогической ситуации, целей и задач профессиональной деятельности, владение современными образовательными технологиями. В трудовой деятельности профессионально компетентного преподавателя на достаточно высоком уровне проявляются культура педагогического общения, яркая личность педагога, обученность и воспитанность студентов и при этом делается акцент на профессионально важных личностных качествах преподавателя.

Ключевые слова: компетенция, компетентность, информационный уровень профессиональной компетентности, профессиональная компетентность, технологический уровень, преобразующий уровень, концептуальный уровень.

М.М.Акешова, Н.М.Акешова

Жоғары оқу орындары ұстаздарының кәсіби біліктілігі

Бұл мақалада қазіргі таңда өзекті тақырып болып табылатын білік пен біліктілік ұғымдары, жоғарғы оқу орындары ұстаздарының кәсіби біліктіліктері қарастырылады.

ЖОО ұстаздарының кәсіби біліктілік көрсеткіштеріне заманауи білім беру технологияларын қолдана отырып, психологиялық-педагогикалық білімдерін кәсіби мақсаттар мен талаптарға сәйкес пайдалану көрсеткіштерін қамтиды. Кәсіби білікті ұстаздың бойында педагогикалық қарым-қатынас мәдениеті, педагогтың жарқын тұлғасы, сондай-ақ кәсіби тұлғалық қасиеттері көрініс табады.

Тірек сөздері: біліктілік, білік, кәсіби біліктіліктің ақпараттық деңгейі, кәсіби біліктілік, технологиялық деңгей, қалыптасу деңгейі, ұғымдық деңгейі.

M.M.Akeshova, N.M.Akeshova

Professional Competence of Highschool Teacher

The article is devoted to the actual theme of University teacher's professional competence, and uncovers such meanings as professional competence.

The important exponents of University teachers' competence are the ability of using modern education technologies in the process of teaching depending on pedagogical situation, its objectives and tasks.

Pedagogical communication culture, teacher's personality, students' skills and education is shown in professional educative teacher's activity on a high level and focused on important teacher's qualities.

Keywords: competence, teacher's informative level, professional competence, technology level, conceptual level, educative level, educational technologies.

Anahtar kelimeleri: yetkinlik, yeterlilik, bilgi düzeyi mesleki yeterlilik, mesleki yeterlilik, teknolojik düzeyi, dönüştürücü düzeyi, kavramsal düzeyi.

Современный этап образования определяется изменениями в его задаче, направленности, целях, содержании, которое ориентируется на свободное развитие личности, на ее конкурентоспособность и самостоятельность, мобильность будущих специалистов в условиях процесса интеграции Республики Казахстан в мировое экономическое пространство.

Необходимость приближения состояния образования к требованиям мирового сообщества с целью повышения его качества обусловили совершенствование образовательной парадигмы. В Концепции образования Республики Казахстан до 2015 года сказано, что современные преобразования в обществе, новые стратегические ориентиры в развитии экономики, открытость общества, его быстрая информатизация и динамичность кардинально изменили требования к образованию. Системы образования большинства ведущих стран мира отреагировали на эти вызовы тем, что стали основывать цели, содержание и технологии образования на ожидаемых от него результатах. Основной целью образования становится не простая совокупность знаний, умений и навыков, а основанная на них личная, социальная и профессиональная компетентность - умение самостоятельно добывать, анализировать и эффективно использовать информацию, умение рационально и эффективно жить и работать в быстро изменяющемся мире.[1]

Сегодня, существует мнение о том, что образование катастрофически отстает от темпов развития науки и производства, а главное не обеспечивает должного качества. Изучая и опираясь на опыт успешных учителей, американские исследователи разработали концептуальную основу качественного обучения. По мнению исследователей, подготовка специалистов в любой области должна осуществляться на концептуальной основе в рамках компетентностного подхода. По их мнению компетентностный подход предназначен привести в соответствие образование и потребности рынка труда.

Компетентностный подход поначалу разрабатывался в рамках профессионального образования для обучения рабочих на рабочем месте.

В дальнейшем область его применения стремительно расширялось. Американские исследователи, несмотря на некоторые разногласия в компетентностном образовании определяют три основных компонента: знания, умения и ценности.

Профессиональная компетентность педагога ВУЗа определяется квалификационной характеристикой, представляющую собой модель компетентности педагога, отображая научно обоснованный перечень профессиональных знаний, умений и навыков. Также педагог ВУЗ должен эффективно и качественно осуществлять свою профессиональную деятельность и иметь ряд профессионально - личностных качеств.[2]

Компетентностный подход в образовании в последние годы стал предметом активного осмысления в педагогической науке и практики. При этом отмечается, что научные разработки по поводу сущности компетентностного подхода превосходят образовательную практику (И.А. Зимняя, Б.Т. Кенжебеков, В.Д. Шадриков, Ш.Т.Таубаева, К.Ж.Аганина, Т.Е. Исаева и др.).

Базовыми категориями нового подхода являются понятия «компетентность» и «компетенция». Понятие «компетенция» является не только одной из базовых педагогических категорий, но и объектом междисциплинарного исследования

На сегодняшний день понятия «компетенция» и «компетентность» понимаются следующим образом:

Компетентность – совокупность необходимых знаний и качеств личности, позволяющих профессионально подходить и эффективно решать вопросы в соответствующей области знаний, научной или практической деятельности.

Компетенция – 1) круг полномочий и прав, предоставляемых законом, уставом или договором конкретному лицу или организации в решении соответствующих вопросов; 2) совокупность определённых знаний, умений и навыков, в которых человек должен быть осведомлён и иметь практический опыт работы. Современные аспекты и исследования связанные с профессиональной компетентностью отражены и в работах казахстанских ученых: формирование профессиональной компетентности специалистов в системе высшего образования – Б.Т.Кенжебеков; формирование профессиональной компетентности будущих педагогов профессионального обучения – Н.Р.Шаметов; организационно-педагогические условия формирования профессиональной компетентности рабочих – Д.Г.Мирошин; педагогические условия формирования профессиональной компетентности будущих педагогов в вузе – М.В.Семенова; формирование профессиональной компетентности студентов в процессе педагогической практики – Ш.К.Жантлеуова; формирование профессионально-технологической компетентности педагога профессионального обучения – В.В.Готтинг; формирование профессиональной компетентности студентов в условиях

производственной практики на основе информационных технологий – Ж.Ж.Турсынова [3].

Содержание профессиональной компетентности педагога высшей школы определяется квалификационной характеристикой. Она представляет собой нормативную модель компетентности педагога, отображая научно обоснованный перечень профессиональных знаний, умений и навыков. Также педагог высшей школы для того, чтобы эффективно и качественно осуществлять свою профессиональную деятельность, должен иметь ряд профессионально - личностных качеств, среди которых основными являются:

1. Направленность на деятельность в области межличностных взаимодействий. Такая направленность, при которой другие люди стоят непременно в центре системы ценностей педагога, порождает в личности ориентировку прежде всего на положительные качества в другом человеке.

2. В процессе преобразующей деятельности педагогу постоянно приходится вести творческий поиск наиболее оптимальных решений педагогических задач. Все это требует от него самостоятельности, изобретательности, творческого подхода.

3. В числе профессионально значимых качеств педагога и эмпатия: способность не только осознавать характер эмоционального состояния другого, но и откликаться на его переживания, сочувствовать и подстраиваться под него.

4. Профессия педагога относится к разряду сложных гностических (познавательных-преобразующих) специальностей. В связи с этим педагогу необходимы такие качества, как наблюдательность, интерес к изучению студента, работоспособность.

5. Преобразующая деятельность педагога формирует у него такие качества, как ответственность, целеустремленность и последовательность.

6. Влияние педагога на студентов протекает чаще всего в процессе общения, занятий, развлечений и др. Успеху в этом процессе в значительной степени способствует эмоциональная выразительность, общительность педагога.

7. Важную роль в работе педагога играют такие качества, как способность сдерживаться, умение управлять собственным эмоциональным состоянием и влиять на эмоциональное состояние студентов. Работа педагога требует проявления эмоциональной устойчивости, сдержанности, терпения, выдержки, великодушия.

8. Важным качеством педагога является его социально-психологическая готовность работать в группе.

9. Непременным условием педагогического мастерства, авторитета среди студентов, коллег по работе является тактичность педагога. Слово "такт" означает чувство меры, создающее умение держать себя должным образом.

10. Успеху в работе педагога высшей школы способствует юмор, оптимизм. Не надо требовать от него шумного веселья, но успешность его работы связана с постоянным оптимизмом, здоровым мироощущением, настроенностью на позитивное восприятие мира.

Профессионально-личностное развитие педагога детерминировано противоречием между качествами личности, сложившихся у него, и объективными требованиями, нормами, стандартами, ценностями профессиональной деятельности. Целью и результатом профессионально-личностного развития являются такие новообразования, как профессиональная готовность, готовность к деятельности и готовность к саморазвитию, профессиональное сознание и самосознание, формирует мотивацию специалиста [4].

В зависимости от того, насколько развита у педагога профессиональная компетентность, можно выделить несколько уровней его квалификации.

1. Информационный уровень профессиональной компетентности заключается в овладении специальными знаниями и определяется их характеристиками (объемом, качеством, прочностью).

2. Технологический уровень предполагает овладение способами выполнения соответствующей деятельности: операциями, действиями, навыками, умениями и т.д.

3. Проблемный уровень связан с осознанием и личностным принятием проблемной ситуации в профессиональной деятельности, когда в обычном ходе событий актуализируется что-то новое: явление, свойство, стратегия действия и т.п.

4. Преобразующий уровень условно отличается от предыдущего оформленной инициативой, преобразованием традиционных схем и планов, ломкой привычных профессиональных стереотипов. Это практическая реализация новых и радикальных идей, требует не только творческого подхода к профессиональной деятельности, но и незаурядного упорства, воли, уверенности.

5. Концептуальный уровень профессиональной компетентности педагога высшей школы предполагает совершенство и систематизацию всех предыдущих уровней. Это обобщенное видение всех частных противоречий и проблем в составе развивающегося целого. Это разработка глобальных и перспективных решений, которые имеют фундаментальное и междисциплинарное значение [5].

Как было сказано в работе основные показатели профессиональной компетентности преподавателя ВУЗА, таковы: умение использовать в практической деятельности профессиональные психолого-педагогические знания в зависимости от педагогической ситуации, целей и задач профессиональной деятельности, владение современными образовательными технологиями. В трудовой деятельности профессионально компетентного преподавателя на достаточно высоком уровне проявляются культура

педагогического общения, яркая личность педагога, обученность и воспитанность студентов. Первые качества составляют процесс труда, а два последних – его результат.

У каждого преподавателя профессиональная компетентность складывается по-разному и по-существу в течение всей профессиональной жизни. Увидеть рост развития этого качества и означает оценить компетентность преподавателя, сделать прогноз его профессионального роста [6].

В связи с переходом на кредитную систему обучения студентов во многих ВУЗах РК, профессорско-преподавательским составом разрабатываются учебно-методические комплексы, электронные курсы лекций, электронные учебники, проводятся семинары, лекции, олимпиады, конференции как для студентов, так и для преподавателей университета; ежегодно профессорско-преподавательский состав повышает квалификацию как на региональном, областном, республиканском уровнях, так и за рубежом.

В заключении можно назвать ряд задач по совершенствованию профессиональной компетентности преподавателя ВУЗА: разработать программу учебно-методического обеспечения нового поколения; определить содержание и структуру обучения; изучить характер развития профессиональной компетентности педагогов в процессе профессионализации.

ЛИТЕРАТУРА

1. Чакликова А.Т. Категории «компетентность» и «компетенция» в современной образовательной парадигме // Вестник КазНУ. Серия педагогические науки. – 2007. №2. – С. 9-16
2. Teacher training processes and teachers' competence - a sociological study in the primary school Ana M. Morais_, Isabel P. Neves, Margarida Afonso Centre for Educational Research, School of Science, University of Lisbon, Lisbon, 29 July 2004 p.3
3. Коржумбаева М.Б., Байжуманова Н.С., Саржанова Г.Б. Профессиональная компетентность преподавателя высшего учебного заведения // Вестник КазНУ. Серия педагогические науки. – 2014. №3. – С. 45-49
4. Исаева Т.Е. Классификация профессионально-личностных компетенций вузовского преподавателя // Педагогика. – 2006. №9. – С. 55-60
5. Педагогическая энциклопедия. Т.3. Н-СН. - М.: Советская энциклопедия, 1996. - 879 с.
6. Громкова М. О педагогической подготовке преподавателя высшей школы. // Высшее образование в России. - 1994. - №4. - С. 105-108.

REFERENCES

1. *Chaklikova A.T.* Kategorii “kompetentnost” i “kompetenciya” v sovremennoy obrazovatelnoy paradigme // VestnikKazNU. Seriya pedagogicheskie nauki. -2007. №2. – s. 9-16
2. Teacher training processes and teachers’ competence – a sociological study in the primary school Ana M. Morais_, Isabel P. Neves, Margarida Afonso Centre for Educational Research, School of Science, University of Lisbon, Lisbon, 29 July 2004, s. 3
3. Korjumbaeva M.B., Bayjumanova N.S., Sarjanova G.B. Professionalnaya kompetentnost prepodavatelya vysshego uchebnogo zavedeniya //VestnikKazNu. Seriya pedagogicheskie nauki.– 2014. №3. – s. 45-49.
4. *Isaeva T.E.* Klassifikaciya professionalno-lichnostnyh kompetencii vuzovskogo prepodavatelya // Pedagogika. – 2006. №9. – s. 55-60
5. Pedagogicheskaya enciklopediya. T.3. N-SN. - M.:Sovetskaya enciklopediya, 1996. s. -879.
6. *Gromkova M.* O pedagogicheskoy podgotovke prepodavatelya vysshey shkoly. // Vysshee obrazovanie v Rossii. - 1994. - №4. - s. 105-108.

Акешова Мадина Мурзахановна – доктор PhD., МКТУ им. Х.А.Ясави, г. Туркестан, e-mail: madina_shah@mail.ru

Акешова Насиба Мурзахановна – магистр, МКТУ им. Х.А.Ясави, г. Туркестан, e-mail: Akeshova86@mail.ru

ӘОЖ 796.1

М.ЖИСКАКОВ, М.Қ.БИЖАНОВА

СПОРТШЫ ЖАСТАРДЫҢ АДАМГЕРШІЛІК-ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕСІ

Мақалада жастарға адамгершілік-патриоттық тәрбие берудің мәні мен маңыздылығы негізделіп, олардың бойына адамгершілік, отансүйгіштік-патриоттық сезімдерді сіңірудің қажеттілігі, жолдары мен амалдары нақтыланған.

Жүргізілген нақты-социологиялық зерттеу мәліметтеріне сүйене отырып, спортшы жастарды биік адамгершілік, отансүйгіштік-патриоттық рухта тәрбиелеу, оларды өздері айналысып жүрген спорт түрінен үнемі жеңіске жетуге жігерлендіретіндігі дәлелденген.

Тірек сөздері: адамгершілік, отансүйгіштік-патриоттық тәрбие, спортшы жастар, патриоттық тәрбие амалдары мен әдістері.

М.Ж.Искаков, М.К.Бижанова

Воспитание человечности и патриотизма у спортсменов

В данной статье рассматриваются необходимость воспитания чувств любви к родине и патриотизма пути и возможности основанные на значении человеческо-патриотического воспитания.

Опираясь на источники конкретных социальных исследований доказано что патриотическое воспитание придает силы и духа для их победы на спортивном поприще.

Ключевые слова: человечность, патриотическое воспитание, спортивная молодежь, методы и возможности патриотического воспитания.

M.Iskakov, M.Bizhanova

Education of Humanity and Patriotism of Athletes

This article deals with the need of education of love feelings for country and patriotism of way and opportunity based on value of human and patriotic education.

Based on sources of concrete social researches it is proved that patriotic education gives force and spirit for their victory in sports field.

Keywords: humanity, patriotic education, sports youth, methods and possibilities of patriotic education.

Anahtar kelimeleri: insaniyet, vatanseverlik eğitim, sporcu gençler, vatanseverlik duygu yöntemleri.

Жастар тәрбиесінің құрамдас бөліктерінің бірі олардың бойына отаншылдық патриоттық кадр-қасиеттерді қалыптастыру. Патриоттық-

отансүйгіштік қадір-қасиеттерді, әсіресе, спортшы жастардың бойына сіңіру қажеттілігі бұрыннан белгілі қағидат. Өйткені, мұндай қадір-қасиеттер оларды жеңіске жігерлендіреді.

Отансүйгіштік бұл Отанға, елге, өзінің туып өскен жеріне деген сүйіспеншілік. Өз елінің өткені мен бүгінгі үшін мақтаныш сезімі. Адам баласының өз ұрпағын Отанын сүюге, өз елі мен жерін құрметтеуге бейімдеуі адамзат қоғамымен бірге жасасып келе жатқан тарихи ақиқатты шындық.

Ұшы қиырсыз жазира дала тұрғындары өздерінің тарихында жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беруде бай тәжірибе жинақтап, өзіндік салт-сана, әдет-ғұрып, дәстүр рәміздерді қалыптастырды. Дала тұрғындары өздерінің өмір сүру салттарына ортақ әлеуметтік-экономикалық, мәдениеті мен тарихына сай жас буынға тәлім-тәрбие берудің жалпыға ортақ моральды-психологиялық нормасын белгілеп, өсер буынға биік талаптар қойды. Олардың ең бастылары атамекенді қорғау, ел намысын жоғары көтеру, ержүректілік, жаудан қайтпас қайсарлық, ата-тегін білу, отаншылдық арлы сезім.

Қазақ халқының бұрынғы дәстүрлі қоғамынан қалған тарихи-рухани мұралардағы басты мәселе қоғамның жағдайы адамның өзіне байланысты қарастырылған. Олай болса, бүгінгі Қазақстанның егемендігі мен тәуелсіздігінің нығаюы мен дамуының объективті шарттарының бірі патриотизм. Жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беру турасында Елбасы Н.Назарбаев «Қазақстан 2050 стратегиясы: Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты бағдарламалық жолдауында жаңа қазақстандық патриотизм негіздерін тұжырымдап берді. Өз бойымызда және балаларымыздың бойында жаңа қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуіміз керек. Бұл ең алдымен елге және оның игіліктеріне мақтаныш сезімін ұялатады. Қазақстанда тұратын әрбір азамат өзін осы елдің перзенті сезінбейінше, оның өткенін біліп, болашағына сенбейінше, біздің жұмысымыз ілгері баспайды. Біз Қазақстандық патриотизмді Отанын, жері мен суын шексіз сүю, халқының өнегелік дәстүрін, әдет-ғұрпын, елінің тарихын құрмет тұту, бостандығы мен құқығын қорғау, әр адамның күш-жігерін ел бірлігін нығайтуға, азаматтық татулықты баянды етуге және ұлтаралық татулықты тұрақтандыруға жұмсауға тиіспіз [1. 35-36 б].

Отансүйгіштік сезім жеке адам бойында өмір бойы қалыптасып, саяси процестерге қатысудан, Отанды қорғаудан және қоғамда алатын өз орнының маңыздылығын сезінуден басталады. Адамға жеке құндылықтардан басқа да жалпы адамзаттық құндылықтар қажет. Соның бірі отансүйгіштік қасиет болып табылады.

Жастар бұл біздің қоғамымыздың болашағы және олардың ойдағыдай қалыптасуы қоғамымыздың болашағы мен еліміздің мемлекеттілігіне қызмет етеді.

Қазақстандық отансүйгіштік Қазақстан Республикасының азаматын тәрбиелеуде басты қағидат болып саналады.

Халқымыздың батыр ұлдарының бірі Бауыржан Момышұлы: «Патриотизм - Отанға, мемлекетке деген сүйіспеншілік, жеке адамның аман саулығы, қоғамдық, мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей байланыстылығын сезіну, өзінің мемлекетке тәуелді екенін мойындау, яғни патриотизм дегеніміз - мемлекет деген ұғымды, оның жеке адаммен барлық жағынан өткені мен бүгінгі күні және болашағымен қарым-қатынасын білдіреді», - деп атап көрсеткенді. Айтса айтқандай, Отанын сүйетін азамат өз елінің гүлденуі үшін аянбай қызмет етеді.

Отан - әрдайым туған анамызбен бір деңгейде тұратын, тіпті мазмұны жағынан одан әлдеқайда биік бағалануға тиісті ең қасиетті, ең ұлы анамыз.

Белгілі ақын М.Шахановтың айтуынша, қазақстандық патриотизмнің бастауында қазақ халқының еркіндік пен тәуелсіздік үшін күресінің белгісі болған үш ірі тарихи оқиға тұр:

1. Отырар шайқасы. Шыңғыс хан әскеріне қарсы алты айлық күрес қазақ халқының зор рухани күшін әлемге танытты.

2. Еркіндік пен ұлттық мемлекеттілікті сақтап қалу үшін болған бір жарым ғасырға созылған жоңғар басқыншыларына қарсы күрес.

3. 1986 жылғы желтоқсан оқиғасы. Тоталитарлық режимге қарсы алғашқы бас көтеру қазақ жерінде болып, әлемге өлмеген ұлттық рухты паш етті.

Біздің тарихымыз өте бай. Сол тарихта орын алған тұлғалар, батырлар саяси қайраткерлер өмірі мен халықтың ерлігі қазіргі жастарда отансүйгіштік қасиетті тәрбиелеуде үлгіге айналуы тиіс. Өз елінің тарихы үшін, ата-бабаларының жасаған ерліктері үшін зор мақтаныш сезімін тәрбиелеу арқылы отансүйгіштік қасиетті бойға сіңіре білу керек. Өзінің тіліне, дініне, тарихына, діліне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру керек. Тіл, діл, дін - тұтас ұғым. Осы тұтас ұғым ұлттық өлшем. Осының бірінен ажырағанда ұлт ұлт болып қалыптасудан қалады.

Жастар өз елінің тарихын зерделей отырып, өз бойларында келесі қасиеттерді қалыптастыруы тиіс.

- көрнекті қайраткерлердің, қарапайым халық өкілдерінің тарихтағы орнын бағалау;

- халықтар тағдырының ортақтығына, әдет-ғұрыптарының, салт-дәстүрлерінің ортақтығына назар аудару.

- ұлттық мәдени-тарихи құндылықтарымызды бойға сіңіру.

Бүгінгі күні төл тарихымызды оқытудың басты міндеті жастарды адамзаттың өткен тарихымен таныстыру, дүниежүзілік мәдениеттің басты-басты жетістіктерімен сусындату, өткен тарихты сын көзімен талдай отырып, келешекті бағдарлайтын, шығармашылықпен ойлана отырып,

олардан дұрыс қорытынды жасай алатын, тарихи деректермен өздігінше жұмыс істеп, өз білімін үнемі толықтырып отыратын азамат тәрбиелеу.

Отансүйгіштік патриоттық қасиет ұлттық сана сезіммен сабақтас. Демек, ұлттық сана-сезімді де қалыптастыра білу қажет. Ұлттық сана-сезім деген туған-туысыңның, ағайынның жағдайын емес, ұлтыңның қамын ойлау деген сөз. Ең алдымен жастар бойында ұлтжандылықты тәрбиелеу керек. Жас отансүйгіш ол ұлтжанды азамат болуы тиіс. Олар ең алдымен елім, жерім, ұлтым аман болса екен деп ойлайтындар.

Қазақ халқының өткені мен бүгінін таразыға сала отырып, келешегіне отаншылдық туын арқау еткен асқақ, жандары таза жас ұрпақты тәрбиелеу қасиетті отанының қадірін ұғындыру, ар, намыс, ождан сөздерін ұлт, атамекен, халық сияқты киелі түсініктермен сусындату әрбір ұстаздың міндеті.

Неліктен қазақстандық патриотизмді қалыптастыру мәселесі Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде ең басты бағыттардың бірі болып табылады? Білім беру мекемелері қазіргі заман талаптарына сай, кәсіби дайындығы жоғары маманды дайындап қана қоймай, рухани-адамгершілігі жоғары мамандарды дайындау қажет. Оқу орындарының түлектері біздің қоғамда тек қана білікті маман ғана емес, патриот азамат ретінде де қажет. Бүгінгі күні мемлекеттік білім беру бағдарламасында тәрбие жұмысының негізгі мақсаты - Қазақстандық патриотизм, азаматтық, ізгілік және жалпы азаматтық құндылықтар идеяларының негізінде тәрбиелеушінің жеке тұлға ретінде сапа қасиетін қалыптастыру деп атап көрсетілген. Білім беру мен тәрбиенің негізгі міндеті – өз елінің азаматын, патриотын тәрбиелеу болса, осыған сәйкес «қазақстандық патриотизм мен азаматтылық» жас ұрпақтың тәрбиелік деңгейін бағалаудағы көрсеткіш болып табылады. Ұлттық патриоттық сезім қалыптастырудың адамгершілікке негізделген ұлтаралық береке-бірлікті, ынтымақтастықты, бейбітшілікті нығайтудың маңызы зор. Осыған байланысты жас ұрпақты отансүйгіштікке, ерлікке, адамгершілікке, елін, жерін қорғауға, шыншылдыққа, төзімділікке тәрбиелеу қажеттігі әр уақытта да күн тәртібінде тұрады.

Қазақ халқы қазіргі жағдайда өзінің тәуелсіз мемлекетінде өмір сүре отырып, ұлттық қасиетінің негізі - тілін, дінін, салт-дәстүрін дамытуға тиіс. Көпұлтты Қазақстан халқы үшін отансүйгіштік сезімнің рухани саладағы тату-тәтті тірлік, азаматтық келісімге ғана емес, мемлекеттің әлемдік өркениетті елдер көшіне қосылып, дүниежүзілік қауымдастықтың негізін нығайтуға да тікелей ықпалы бар. Отансүйгіштік рух - қазақ елінің дамыған елдер қатарынан лайықты орын алуына мүмкіндік беретін бірден-бір күш.

Елдің тәуелсіздігі көп нәрсеге ой салдырады. Мұнда тарихи сананы ояту, жоғалғанын өзіне қайтару, өрлеу дәуіріне жол ашу деген мағына, сондықтан қазақстандық патриоттық тәрбие деген ұғым тек қана айтыла салатын дерексіз ұғым емес, ол ең алдымен нақты, өз ұлтына, сонда тұрып

жатқан халықтарға берілген, адал еңбек ете алатын, жалпы халықтық, әлеуметтік мәдениетті түсініп, білетіні соның нұсқаларын өз халқының қажетіне жарата алатын, басқаларды түсіне білетін нағыз адам сүйгіштік, қазақстандық патриоттық рухтағы белсенді адамдарды тәрбиелеу үшін керек.

Тәрбиенің негізі, мақсаты, міндеті, мазмұны, түрі, құрылымы, әдісі, тәсілі, заңдылықтары, принциптері және құралдары бар. Сол сияқты қазақстандық патриотизмнің де мақсаты міндеті, түрі, өзіндік әдіс-тәсілі бар. Егер патриоттық тәлім-тәрбиемізде осы негіздер болмаса ол жәй сөз болып қалуы мүмкін. Өзін-өзі білмеген адам өзінің кім екенін түсінбейді.

Отансүйгіштік-патриоттық тәрбие әрбір жастың бойына ұлтаралық қатынас мәдениетін сіңіруді де талап етеді. Өйткені Қазақстан көпұлтты мемлекет. Әр түрлі ұлт өкілдері арасындағы сыйластық, бірін-бірі құрмет тұтушылық, ынтымақтастық, ауыз бірлігі еліміздің гүлденуінің кепілі болып табылады. Әсіресе ұлтаралық қатынас мәдениетін жас спортшылар санасына сіңіру қажет-ақ.

Қазақстан егемендігін алып, жеке ел болғаннан кейін 1996 жылы алғашқы қатысқан Атланта олимпиадасы еді. Атланта олимпиадасына спорттың 15 түрінен 94 спортшы апарса, 2000 жылы Сидней олимпиадасында 18 спорт түрінен 130 спортшы қатысты. 2004 жылы Афины олимпиадасында спорттың 18 түрінен 114 спортшы қатысты. 2008 жылы Бейжің олимпиадасында спорттың 20 түрінен 129 спортшы қатысты. 2012 жылы Лондон олимпиадасында спорттың 20 түрінен 115 спортшы қатысты. Олимпиада ойындарының жеңімпазы болу спортшылардың ең биік шыны. Спортшыларда отансүйгіштік қасиет, патриоттық сезім жоғары болады. Өйткені олар спортта жетістікке жетсе, сол спорт арқылы мемлекетті, елді әлемге танытады. Көк туымызды желбіретіп, мемлекеттік гимнды шырқатады. Олимпиада ойындарына әлемде қанша мемлекет болса, сонша мемлекеттен келген түрлі ұлттардан жиналған спортшылар қатысады. Олимпиада ойындары түрлі ұлттардан жиналған спортшыларды достыққа, бауырмалдыққа, сыйластыққа тәрбиелейді.

Қазақстан спортшыларының олимпиада ойындарындағы жеткен жетістіктері төмендегідей:


	Атланта1996	Сидней 2000	Афины 2004	Бейжің 2008	Лондон2012
Командалық орын	24	22	40	29	12
Алтын	Василий Жиров (бокс) Александр Парыгин (бессайыс) Юрий Мельниченко (грек-рим күресі)	Бекзат Саттарханов (бокс) Ермахан Ибраймов (бокс) Ольга Шишигина (жеңіл атлетика)	Бақтияр Артаев (бокс)	Бақыт Сәрсекбаев (бокс) Илья Ильин (ауыр атлетика)	Серік Сәпиев (бокс) Илья Ильин (ауыр атлетика) Александр Винокуров (велоспорт) Ольга Рыпакова (жеңіл атлетика) Зүлфия Чиншанло (ауыр атлетика) Майя Манеза (ауыр атлетика) Светлана Подобедова (ауыр атлетика)

Күміс	Болат Жұмаділов (бокс) Анатолий Храпатый (ауыр атлетика) Сергей Беляев (нысана көздеу)	Болат Жұмаділов (бокс) Мұхтархан Ділдібеков (бокс) Ислам Байрамуков (еркін күрес) Александр Винокуров (велоспорт)	Геннадий Головкин (бокс) Георгий Цурцумия (грек-рим күресі) Геннадий Лалиев (еркін күрес) Сергей Филимонов (ауыр атлетика)	Асқат Жіткеев (дзюдо) Таймураз Тигиев (еркін күрес) Ирина Некрасова (ауыр атлетика) Анна Важенина (ауыр атлетика)	Әділбек Ниязымбетов (бокс)
Қола	Болат Ниязымбетов (бокс) Ермахан Ибрайымов (бокс) Мәулен Мамыров (еркін күрес) Владимир Вохмянин (нысана көздеу)		Серік Елеуов (бокс) Мқхитар Манукян (грек-рим күресі) Дмитрий Карпов (жеңіл атлетика)	Еркебұлан Шыналиев (бокс) Нұрбақыт Тенізбаев (грек-рим күресі) Әсет Мәмбетов (грек-рим күресі) Арман Шылманов (таэквондо) Марид Муталимов (еркін күрес) Елена Шалыгина (әйелдер күресі) Мария Грабавецкая (ауыр атлетика)	Ақжүрек Танатаров (еркін күрес) Иван Дычко (бокс) Марина Вольнова (әйелдер боксы) Гүзель Манюрова (әйелдер күресі) Даниял Галжиев (грек-рим күресі)

Дене тәрбиесі мен спорт адамдардың рухани өмір салтын интернационалдық деңгейге көтеруде, ұлтаралық мәдени қатынасқа тәрбиелеуде маңызды фактор болып табылады. Яғни, Қазақстан жастары бойында бар барлық рухани құндылықтар, ұлттық мәдениет, салт-дәстүрлер өзара тығыз байланыс негізінде дамиды. Оған біз Түркістан қаласы мектептері мен жоғары оқу орны спортшы студенттері арасында жүргізген сауалнама сұрақтарына қайтарылған төмендегі жауаптар дәлел бола алады. Сұралған спортшылардың барлығы дерлік шағын спорт тобындағы (мысалы, күрес спортындағы) өзара татулықтың, ұлтаралық түсіністіктің әрі сыйластықтың спортшыларды жеңіске жетуге итермелейтіндігін шегелеп көрсетіп берді. “Патриотизм, ұлттық-мемлекеттік мүдде, жеке бастық бақталастықтан жоғары” - дейді, сұралған спортшылар. Шағын интернационалистік спорттық топтың мүшелері өздерінің қазақстандық екендігін мақтан ететіндігін қуанышпен білдірді [2. 67-68 б].

Сонымен қатар, спортшы жастар арасында адамгершілік және патриоттық сезімді қалыптастыруда ақпарат құралдарының қандай орын алатындығын анықтау мақсатында қойылған сұрақтарға қайтарылған жауаптар төмендегі диаграммада көрсетілгендей деңгейде көрінді- [қараңыз, диаграмма 1]

Диаграмма 1



Көріп отырғанымыздай, мектеп спортшы оқушылары мен ЖОО студент спортшы жастары үшін маңызды ақпарат көзі ретінде теледидар таңдалған. Ал интернет арқылы ақпарат алуды көбінесе мектеп оқушылары дұрыс көрсе, ЖОО студент жастары радио мен таныс-достардың орын бөлек екені көрінді.


Спортшы жастардың батыс елдеріне еліктеушілік деңгейі бұл күнде жоғары деңгейде болып отыр. Спортшы оқушылардың 27%-ы мен спортшы студенттердің 21%-ы өзге елде туып-өсіп, сол елде өмір сүргенді қалайтындықтарын көрсеткен. Сәйкесінше 81% және 75%-дары мүмкіндік болса батыс елдеріне білім алу, жұмыс істеу үшін кетіп қалуға даяр екендіктерін жеткізген. Шетелге кетуге дайындық студенттерге қарағанда мектеп оқушыларында көп кездесіп отыр. Бұдан батыс бейнесі әлі күнге кемшіліксіз қоғамдық идеал кейпінде тұрғандығын көруге болады.

Спортшы мектеп оқушылары мен спортшы студент жастардың бойында рухани-адамгершілік және отансүйгіштік-патриоттық факторларын талдау бізге оның типологиясын жасауға көмектесті. Зерттеу барысында 4 тип анықталды: «белсенділер», «абсцентистер», «дамушылар» және «нигилистер».

Бірінші тип - «белсенділер», адамгершілік рухани құндылықтармен таныс және патриоттық сезімдері жоғары жастар. Сұралған респонденттердің 26%-ы осы типке жатады.

«Белсенділер» - өздерінің рөлдік мінезқұлқын адамгершілік құндылықтарға және ережелерге сәйкес құрастыра отырып, оған саналы түрде бағынады.

Екінші тип - «абсцентистер». Бұл топқа рөлдік мінезқұлқтың пассивті позициясы тән. Дегенмен бұл топ өкілдері де рухани-адамгершілік құндылықтармен толық таныс. Бұл типке жататын жастардың үлесі -14%.



«Абсцентистер» - олар рухани-адамгершілік және отансүйгіштік-патриоттық мәдениет құндылықтармен толық таныс, бірақ сол уақытта оларға басқалармен бәсең қарым-қатынас тән.

Үшінші тип - «дамушылар», рухани адамгершілік-құндылықтармен біршама таныс, жалпы адамзаттық құндылықтарға бейімделгіш, бірақ патриоттық сезімдері жеке мүдделеріне бейім, сондықтан олар кез келген қоғамдық ұйым әрекетіне қатыса алуға дайын. Бұл типтің өкілдері респонденттердің 49%-н құрады. Олар көбінесе өз қамдарын ойлайды.

Төртінші тип - «нигилистер», бұлар рухани-адамгершілік және отансүйгіштік-патриоттық мәдениет құндылықтарын біле бермейді, құндылықтар мен нормаларды жоққа шығарады, қоғамдық белсенділігі төмен. Бұл тип сұраушылардың 11%-н құрады. Спортшы оқушы және студент жастардың бұл бөліктері өмірдің заманауи ағымына бейімделмеген әлеуметтік типі болып табылады.

Ұлттық рухтың оянуы, ұлттық бірліктің ілгерілеуі, ұлттық мақтанштың және абырой-беделдің бірлік пен ынтымақтастықтың күшеюі патриоттық білімді дамыту мақсаты болып табылады. Патриоттық білім мықты ұлтты құру негізінде дамуы тиіс. Патриотизм – Отан-анаға деген сүйіспеншілік пен азаматтық ерлік, өнеге көрсетушілік, бойдағы білім пен білікті, ақыл-парастатты ел игілігіне жұмсау, ата-мекен мүддесіне арнау болмақ. Өз елінің өткенін, тілін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін құрметтей білу.

Біз патриоттық тәрбие беру шеңберінде азаматтық-патриоттық тәрбие, қоғамдық-саяси және құқықтық тәрбие, рухани-адамгершілік тәрбие беру секілді бағыттарды дамытуды көздейміз [3. 8 б.].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Назарбаев. Н.Ә.* Қазақстан - 2050 стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті-Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. Алматы: ЮСИСТ, 2013,- 44-б.
2. *Нұсқабаев О.* Спортшы-жастардың адамгершілік-патриоттық тәрбиесі. // Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ Хабаршысы, Түркістан 2001. №2. - 67-71 б.
3. *Sharpe M.E.* Action Plan for Patriotic Education. Chinese Education & Society. Vol. 39, no. 2, March\April, 2006, p- 8.

REFERENCES

1. *Nazarbaev. N.A.* Khazahstan - 2050 strategiasy: halyptashan memlekettin zhana saiasi baqyty. Khazahstan Respublikasynyn Prezident i-Elbasy N.A.Nazarbaevtyn Khazahstan halhyna zholdauy. Almaty: USIST, 2013,- 44-b.
